

МӘҮДА ЖҮМАМҚЫЗЫ



Кештiм сүмбe қуялдық, қанатқанда...

Мәйда Жұмашқызы

Кештім ғұмыр қиялдың
қанатында...

*Доскей ауылы
2012 жыл.*

Пікір жазғандар:

Жұлдыз Тойбек – ақын, журналист;

Ермек Балташ ұлы – Қ.Р. Мәдениет қайраткері;

Мүгілсім Шиббаева - Бұқаржырау ауданы тілдерді дамыту және мәдениет бөлімінің бастығы, Мәдениет қайраткері.

Дариға Рахымқызы – Доскей ауылының мәдениет қызметкері.

Бұған дейін де жыр жинағы жарық көрген Мәйда Жұмашеваның қолымыздағы Топтамасында өмір, Аллаға деген сенім, имандылық, тіл мен діл мәселелері, туған Жер мен оның толағай перзенттері, тіршіліктің тағы басқа да толып жатқан түйткілдері жайлы өлең боп өрілген ой толғаныстары жинақталған екен.

Алғы сөз

Өзі де қарапайым, сөзі де қарапайым

Мәйда Жұмашева апамыз облыс көлеміне белгілі санаулы ақын апаларымыздың бірі. Оның баспасөз беттеріне шыққан өлеңдері ормандай оқырманға таныс. Жасы ұлғайғанына қарамастан қоғамда болып жатқан жаңалықтарға дер кезінде үн қосып, қауырсын-қаламын қолына алып, ойын өлеңмен өрнек етіп өріп келеді.

Ақындық-Алланың берген сыйы. Өлең жазу-дерт. Апамызда осы екі жағдай да бар. Кеудеге шымырлап, лықсып толған ойларын жыр жолдарымен ақ қағаз бетіне түсіргенде ғана жаны жай табатындай көрінеді. Оны ақын апамыздың өлең шумақтарынан жазбай тануға болады.

Ақын жаны сан салалы толғаныс
Бірде бүркіт, бірде алып жолбарыс
Қалам тербер ұшқыр ойлы ақындар,
Қиял құспен ұшып кетер кейде алыс, - дейді Мәйда апай.

Ананың аты қашанда ана. Мәйда Ана құрсағынан шыққан өз перзентіне ғана еміреніп қоймайды, оның аналық жүрегі Отаны, туған жері үшін, оның келешек тағдыры үшін де тебіренеді. Сондықтан болар апамыздың бірқатар өлеңі тәуелсіз елімізге, ана тіліміз бен дінімізге арналған. Өзінің жүрекжарды тілегін:

Қызықпадым замана тірлігіне
Отан тыныш болса екен, бірлігінде.
Қорғай жүр ұрпағыңды өзің берген,
Бұрқыратқан түтінін түндігінде..., - деп жеткізсе, енді бірде:

Билеушің бар адамзат
Алласыз істің бәрі жат.
Парызын өтеу Алланың,

Ізгілік жолы ақиқат..., - деп ұрпақты имандылыққа, Алланың бергеніне шүкіршілік етуге шақырады. Жаман әдеттен сақтандырады.

Ақын апай өлеңіне мұқият ден қойған адам оның өлеңдерінен көп тәлім-тәрбие алады. Өмірден көргені көп, түйгені көп ақ шашты ана кейінгілерге ұлағатты сөз айтады. Жақсылыққа шақырады.

Өзі де қарапайым, сөзі де қарапайым апамыздың өлеңдерінде өзгеге ұқсамайтын өзіндік өрнек бар. Мен бүгін ақын апамыздың жыр жинағына ақжол тілей отырып, өмір көшінде, өнер көшінде өз қолтаңбасын қалдыра беруіне бауырлық ниетімді білдіремін.

Тобықтай сөздің түйінін:

«Өмірімді серік еттім өлеңмен
Сөз жүйесін өрбітсем деп тереңнен.
Жасым келіп қартайсам да, сөзім жас

Төрешісі халық болар дегенмен», - деп айтқан Мәйда апамыздың өз сөзімен аяқтағым келеді.

*Жұлдыз Тойбек.
ақын, журналист.*

Санасын шабақтайды сағынышы...

Бұған дейін де жыр жинағы жарық көрген Мәйда Жұмашеваның қолымыздағы топтамасында өмір, Аллаға деген сенім, имандылық, тіл мен діл мәселелері, туған жер мен оның толағай перзенттері, тіршіліктің тағы басқа да толып жатқан түйткілдері жайлы өлең боп өрілген ой-толғаныстары жинақталған екен.

Әрине, әдебиетті өмірлік кәсібіне айналдырмаған, санасына сәуле түсірген сәттердің әсерін өзі үшін ғана ақ қағаз бетіне өрнектеген әженің шығармашылдығына кәсіпқой ақындар деңгейінде талап қою әбестік болар еді. Сондықтан, автордың өлең ұйқасында, ой орамдарында, сөз тіркестерінде, т.б. жағдайларда кездесетін олқылықтарға кешіріммен қарау керек. Атап айтатын бір жай- Мәйде Жұмашева жаратылысынан ақын. Өткір, өрісті өлең жазу үшін ақынға мінез қажет дейтін болсақ, Мәйда апайда осы мінез бар. Ол айналасында, қоғамда болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге бей-жай қарай алмайды. Ауылдасы арақ ішіп, отбасын ойрандаса, көрші үй үнемсіз қалса, солармен бірге күйзеледі, танымайтын баланың табанына шөгір кірсе, соған жаны ашып, шырылдайды. Ол төңірегіндегі оқиғаға немқұрайды қарай алмайды. Түйткілді мәселенің бәріне үн қосқысы келіп тұрады. Осы топтамадағы шығармаларды шолып шыққан оқырман оған куә болары күмәнсіз. Мәйда Жұмашеваның «Сөйлесе екен өз тілім», «Дін мен тілім- бірлігім», «Сағыныштар», «Жарқыраған жұлдызды ел», т.б. өлеңдері мен мақалалары нақты, азаматтық белсенді көзқарасын айғақтайды.

«Қасық қаным» деген боздақ ұлты үшін

Аманат қып тастап кеткен ұлы ісін.

Жат түңілер өзінді өзің сыйласаң,

Тәуелсіздік, дін мен тілде бар күшің!» -деп тебіренеді Мәйда апай. Бұл- автордың аузындағы кезекті, жалған ұран емес, имандай шындығы. Алдында асқақ арман барына күмән келтірмейтін, санасын туған ел мен жерге, оның ата салтына, жарастықты салтанатын көруге деген сағыныш шабақтаған ақын әженің қаламынан өрілген тың туындылар замандастарына ғана әсер етпей, ұлағатты ұрпақ тәрбиесіне де қызмет жасайтыны шүбәсіз.

*Ермек Балташұлы.
ҚР Мәдениет қайраткері.*

Жалғасады міне өмір, осылай...

Адам баласы уақыт жылжып ілгерілеген сайын өмірге құштар қиялшыл, ой жетегіне еріп ұшатын құстай қанаттанып ісін табанды тындыруға жанын салатын адамның бірі, менің сөз еткелі отырған жан -осы Мәйда апай ма деп ойлаймын. Апамыз Арқаның ұсақ шоқылы жазығында Мәдидің Үшқарасының етегіндегі қыстауда 1939 жылдың 7 қарашасында кедей шаруаның жанұясында дүниеге келген. Ағайынды үш ұлдың ішіндегі жалғыз қыз бала екен. Өмір тауқыметін әке мен шеше ауыр жылдардың қияметін басынан кешіріп, отыз екінші жылдың зілзаласын басынан өткерген бала шаға әке шешеден айрылып екеуі ғана ел шетіне белі бүгіле, енді өмірді жалғаспастай түңіле келген еді. Олар алғы өмірінде кеткені келіп, кемтігі толар деп ойламады. Екеуіде Алла деген діндар жандар еді. Алла оларға жәрдем беріп ел ішіне келіп ес жиып, қатарға қосылғанда үлкен ұлы дүниеге келгенде өткеніне өкінбейтін алла бергеніңе ризамын деп, атын Қанағат қойған екен. Міне, өмір осылай жалғасын тауып, еңбек етіп, колхоз шаруашылығында белді мүше бола бастады. Алғашқы Ұлы Отан соғысы да, жаңа ес жия бастаған елге аласапыран күй кештірді. Міне, осы ауыр жыл, апайды өмірге жөргегімен алдағы ғұмырдағы тартар бейнетті, тауқыметті маңдайына жаза келгендей еді. Әке-шешесі ырымдап елімізге тоқшылық болып, ел еңсесін көтерген жәйлі өмір, жұмсақ көңіл, жаны жайсаң мәйдалы болсын деп, туған қыздың атын Мәйда қойған екен. Әкесі еңбек майданында Қарағанды шахтасында еңбек еткен. Қайтып келген соң колхоздың белді жұмыскері болып, жылқысын да, қойында да бағып еңбектері сіңген. Одан кейін екі бауыры дүниеге келген. Анасы ерте дүниеден қайтып, ауыртпашылық қыз баланың мойнына түсері сөзсіз ғой. Сондықтан «басқа түссе-баспақшыл» дегендей, өмір апамызды ерте есейткен екен. Еңбекпен ерте араласты. Өмір тауқыметі ілгері басуға мүмкіндік бермеді. Ағайды ерте үйлендіріп, Мәйда апамызда еңбек жолын бастайды. Сөйтіп жүріп, ауыл азаматы Ермек Нұрлановпен тұрмыс құрып, отау тігеді. Жұбайы да ерте әкеден айрылып, шешесі мен бауырларына қамқор болған екен. Ерте есейіп колхоздың алғашқы шоферларының бірі болып 18 жастан рөлге отырып, бар ғұмырын сонымен өткізді. Мәйде апамыз бен Ермек ағаның жанұясында жеті бала дүниеге келген. Балаларының бәрі тәрбиелі, оқыған білімдерімен қызмет етуде. Әкелері атақты Құрмет тақтасынан түспеген, аудандық, ауылдық Советтің депутаты болған. Талай еңбек медальдарымен марапатталған, 53 жасында дүниеден озған екен. Қазіргі таңда Мәйда апамыз Доскей ауылының көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі. Ардагерлерден құралған «Ақ әжелер» вокалды тобының әншісі, ауылымыздың ардақты ақын Апасы. Мерекелік шаралар көбінесе апамыздың арнау өлеңдерімен ашылады. Ауыл, аудан, облыс көлеміндегі барлық мәдени шараларға қатысып, келешек өсіп келе жатқан жастарға үлгі болып жүрген ардақты да аяулы жан. Талай жыр мүшәйраларға, «Тілге құрмет- елге құрмет» атты мақалалар сайысына қатысып жүлделі орындарды иеленіп жүрген тіл жанашырларының бірі. Облыстық «Бұқарекен жырлайды» ақындар мүшәйрасына қатысып, «Мен де жырлап көрейін Бұқардайын» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Қашан көрсең тынымсыз ой үстінде жүргенін байқауға болады. Сондағы ойлап жүргені «еліме тағы қандай пайдамды тигізсем екен» деген терең де мағыналы ойлар екеніне күмән келтіруге болмайды. 70- тен асқан жасында да демалыс дегенді білмейтін, үнемі ізденісте жүретін апамызға әлі де болса талай асулардан аса беріңіз дегім келеді.

Дарига Рахымқызы

Доскей ауылы мәдениет қызметкері.

Өмірден алдым ғибрат

«Әжелеріңнің кейінгі ұрпаққа ғибрат сөзі».

Көре- көре көсем боласын, сөйлей- сөйлей шешен боласың деген нақыл, нақты өмірден алынған көреген сөз. Ұлағаттыдан ілгерілеген сайын көсіліп сөз мәнері шешіліп жатқандығы айғақ. Өмір деген адам баласын бірде қамықтырып, бірде жалықтырып, ал кейде адам айтса нанғысыз өзіне құштар етіп желіктіретін бір құбылыс сияқты. Мен бұл сөзді тегін айтып отырған жоқпын. Өмірдің қанша қиындық тауқыметін көрген сайын, қажыр қайратым шыңдала берді, ойым өрісті толқыныс- тебіреністерім өлеңмен өріліп, өзімнен өзім қатты толқыдым. Біздің балалық шағымыз уақыт тарлығынан өткерген кез. Оқуда қаршадай болсақ та жатқан үйде тартқанымыз диірмен, интернатта жатқанда жегеніміз аржынай нан, ішетініміз өзіміз түйіп бидайдан жасаған көже. Ал бірақ ол кездің табиғаты тоймаған өзегінді тойдырып, бала мінез бәрін ұмыттырып жіберуші еді. Қайран Арқаның самал желімен таза ауасы, көгалында асыр салып, бұлағына жуынып, шаң тозаңды дала болмаушы еді. Бізді сол табиғат аясында жетіліп, жетпеседе жеткендей табиғат аялаған ерке балғын едік. Сол кездің әсерлері бала болсамда ойға батыратын, табиғат көріністерін өте қызықтаушы едім. Едрейдің Шолақ-Бұлақтағы интернат үйінің іргесіне дейін төңкерілген қазандай бір- біріне жалғасқан қой тастары, менің оқу залымдай болатын, балалардан оңашаланып оқуды сонда отырып оқушы едім. Оқуды жақсы оқығаныммен өмір тауқыметі мені ілгерілетпеді. Сегіз жылдық қана білімім бар. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» деуде содан шығар. Мен сол кезден 11-12 жасар кезімнің өзінде, табиғат сұлулығымен сөйлесіп өмір құбылыстарына ерекше мән беріп суреттеп жүруші едім. Балалықпен ол кезде мән бермей жазғаным жазған жерде қалатын. Бірде таңнан бұлақтан жуынып жөке жұмсақ, құрағына отыра кеткенде ойым толқып, оралған өлеңім әлі есімде:

Сылдыраған бұлағым
Желкілдеген құрағым
Мамық төсек салғандай
Құрағына аунап тұрамын- деп әндеткенім,

Мектеп өмірінде қабырға газеті «Ара» шығаратынбыз, балаларға сықақ өлеңдер жазамыз, соның белді мүшесі болатынмын. Ол кездері жақсы оқыған баланы күндеушілер болатын, мені интернатта терезені жауып ұйықтатып тастайтын кездеріде болды. Мен сол кездерде «Таңғы әуен» деген өлеңімді айтып, балаларға ой салмақ болушы едім.

Таңғы әуенге қарашы
Шұбырған мектеп баласы
Осындай сұлу өмірде
Болмасын адам аласы- деп ой тастайтынмын.

Сегіз жылдықтан әрі асуға ауылда мектеп болмай, 14 жастан үйде қалдым. Анам ауырды қиында болса, көрген балалық шағым осы. Өмір мені ерте есейтті. Мен 15 жасымнан бастап, шешеммен бірге құрылыс салушы бригада жұмыскерлеріне топтан бие сауып, қымыз дайындап тамақ істедік, әкем сол кезде сол жылқыларды бақты. Бірақ бұл еңбек қағаз бетіне түспегенде шығар. Анам өліп үй ішінің тауқыметі қыз баланың мойнына түсетіні белгілі ғой. Анам өлген соң ағайдың жастығына қарамай үйлендірді де, мен 16 жасымда колхоз бастығына хатшы болып қағаз басу, хатшыға тиесілі құжаттарды дайындау жұмысын атқарып

жүргенім де, колхоздарда жазғы науқан кезінде әйелдерді жұмысқа тартуға байланысты бала – бақша ашылуы керек деген нұсқауға байланысты, Жамбыл колхозының атынан мені 16 жасымда бала-бақша меңгерушілік екі айлық курсына Қарағанды қаласына оқуға жеберді. Өмір осылай жалғасып еңбек етіп жүргенде тұрмыс құрдым, балалы-шағалы болдым, бірақ совхоздың науқан жұмыстарын баламызды қолтықтай жүріп қол үзбедім. Балаларымның алды бір-біріне ие бола бастаған кезде, совхоздың тұрақты еңбеккері болып, бұрынғы кәсібімді жалғап совхоз директорының хатшысы болып істей жүріп, сырттай екі жарым жылдық есепші курсын бітіріп құжат алдым. Кейінгі зейнетке шыққанша 20 жылдай осы салада жұмыс істедім. Штаттан тыс тілші болдым.

Мына жазып отырғаным еңбек жолым. Ақын өлені өз өмірінен бастау алады деген шындық. Өмірдің өрімі қиындықсыз өрілмейтіні сөзсіз. Өмір көлеңкелі тұстары адам баласына жазулы тағдыр талқысы. Сол кездерде ойлыны ойлантар қағаз бен қаламға жүгінер кез. Мен соның бірі едім. Өмірден сан салалы ғибрат алдым. Ал ендігі өмір ұрпақ үшін өнегелі із қалдыру, саналғы ой салар деген өмір тәжірибемді жазған едім.

Қартайдық қайғы ойладық ұйқы сергек

Ашуын ашыған у, ойын кермек

Мұндасарға кісі жоқ сөз ұғарлық

Қам көңілді өмірім болды Ермек – деген ұлы ғалым Абай атамның ұлағатты ой сөзі дәл қазіргі біздің кезеңімізді меңзегендей. Адам баласы бар кезеңін тіршілік әуенімен байқамай уақытын өткізіп алғанын сезбей де қалады. Өйткені өмір ұзақ болғанмен ғұмыр қысқа. Сондықтанда адам баласы өлшеулі ғұмырға өкпелеп, бес күндік жалған-алдамшы өмір деуі өмір мен ғұмырдың айырмашылығын жеті түсіне білмеуіміздің айғағы болар. Алланын өлшеулі ғұмыры біреуге ерте, біреуге кеш болуынан пендешілік реніш назынан туған сөз ғой. Ал өмір мәңгілік ғасырдан-ғасыр, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып із қалдыру, ұлағатты сөз мұрағатын жеткізер мәңгі әлем қозғалысы, тіршілік ғұмыр жалғасы.

Оқырман болашақ ұрпақтарым!!!

Мен балалық өмірден бастап өмір жолымды айтуым, қиындықсыз ғұмыр кешу мүмкін емес. Соған өзіңді дайындап санаңа салып сараптап, ақылыңмен парақтаған төзімділік керек. Шығар тау белестерің осы болмақ. Сендерде бір кезде тоқырап, өткенге қарар кездерің болады. Қазір сендерге бұл жайды ауызша айту мүмкін емес, оны тындар құлақ, сөзде тұрақ жоқ кездерің. Қиындығымызды өмірден көрмейік, әр адамның мандайға жазған жазуы деуі содан, бірақ сол жазғанды мойындай бермей, ілгері басуға талап ету сенің өз міндетің. Заман осылай тыныштықта болса келер ұрпақ өрісі кең, ой қабілеті тең өмір сүруде. Өзіңнің ғана талабыңмен жетілерсің. Өйткені жетімсіздік жоқ, жетелер техника тілі сөйлеп тұр. Ұрпақтар сендер бақыт құшағында жүрген жандарсындар. Бірақ ізгілік, адамгершілік ата-бабаның қасиетті іздерін жоғалтпандар. Сонда ғана қазақ деген ұлт намысы жоғары дәрежеде болары сөзсіз. Имандылық ізгілік жолы, адаспай ата-баба жолын тандай біліңдер. Міне ұрпақтарым менің өмірден алған ғибратым-сендергеде ғибрат болсын.

Әжелерің Жұмаш қызы Мәйда

I бөлім

ОЙ ТОЛҒАНЫСТЫ ӨЛЕҢДЕР
2009ж-2012ж

Болжаусыз ғұмыр.

Кәрілікке болжаусыз жеттім қалай
Өлместеймін, мақсат көп алда талай
Көкседім аз ғұмырдың түзулігін
Бергеніне ризалық кетсем жолай
 70 жас келді кезім, өмір өткел
 Егіздеткен ғұмырды өткердім тел
 70 келіп жасытпа жігерімді
 Толғаныста әліде шабытым сел
Ұмыттырып ойымды алқымдама
Ойларым көп жазатын ғұмырнама
Қапы кеткен кезімді өкінішті
Толықтыру мақсатым келсе шама.
 Болжаусыз ғұмыр кешіп 70 астым
 Салмағын көтергендей батпан тастың
 Жарасындай жауыр ат, жаным сыздап
 Келгендеймін кезіне қарбаластың
Қиялымның үңілем тереңіне
Уақыт жылжып барады дегеніне
Кезі келіп ұрпақтар ұғар кейін
Дәл кәзір түсінбес көп, керегі не?
 Көңіл жүйрік биікке қол созамын
 Өмірдің өткердік біз не ғажабын
 Қорқыныш көп ілгері басқан сайын
 Тарттырмасын жасаған жан азабын
70 жас кәрілікке бастау болған
Билігінде жаратқан, келмес қолдан
Уақыт жылжып оралмас қайран жастық
Алдамшы өмір деу содан, аз күн жалған
 Аз күн жалған өмірге алданбайық
 Жалған дүние бір күні болар ғайып
 Жазылғанды маңдайға өтер пенде
 Тек өмірден кетейік, тартпай айып.

Сиқырлы әлем.

Сиқырлы әлем, кезбе таяқ қаламым
Бар жоғымды ақ қағаздан табамын
Сезімімді шырғап алды, сиқыр күш
Сырлас досым қағаз-қалам ғажабым.

Қағаз қалам жанымды сиқырлаған
Бар сырымды ақтарып бердім саған
Қалған ғұмыр құлқым жоқ, бөгде сөзге
Парасатты бір күшті бердің маған
Ой қуалап қиялмен зерікпедім
Ізгілікке ізденіс ерік бердім
Ұрпағыма өмірлік із қалдыру
Мақсат қойған ойыма сеніп келдім.

Сезбесем ақын жанын елерме едім
Ақ қағазға сыр ашып, кенелгенім
Уақыт жетпей ұзақ жол ізденіске
Жол айрықта тұрсамда өлерменмін.

Оңаша шабыттансам ғұмыр жайлы
Аралаймын тау тасты, түнді айлы
Қол шатыр ғып қағазды, таяқ қалам
Кезбесіндей кезеңнің «Асан қайғы».

Кей сәтте өз-өзімнен сезіктенем
Өңім бе әлде, түсім бе сиқырлы әлем
Ізгіліктің жолында сапар шексем
Алла жалғыз, құран шын соған сенем.

Сөз мәнін ұрпақтарым сараптарсың
Сендер бізден тараған бұтақтарсың
Үміт артып барамын кейінгіге
Сенім артқан ұрпақтар сендер барсың
Тарих терең, тұңғыық ертегі аңыз
Аңыз болжам бұл күнде шындық нағыз
Тарих сырын ақтару, әлем тану
Ғұламалық парасат білім парыз
Жеткізе алмай ойымды қамалаған
Кері әсерлі әр сөзің шамалаған
Ғылымның тереңіне жетсе ұрпақ
Мәңгі өлмес өмір бар, шексіз ғалам.

Бір уыс топырақ

Неткен ыстық туған жер топырағы
Кең жазира таулы өлке атырабы
Көз алдыңнан кетпейді елестері
Бірге өскен тең құрбы ауылдағы
Туған жерде қалды өткен куәсі
Қарақаты, бүлдіргені, жуасы
Әсем сұлу табиғатқа құмартып
Тауға шықсаң көз тартатын қыясы
Туған жерден бүгінде жүрміз шалғай
Кім білген алдағыны болжап қандай
Туған жер таумен тасын қиялдаймын
Жүргенде жыл аралап елге бармай
Таласып тіршіліктің атқан таңы
Қарбалас қызу еңбек ауыл маңы
Өрісті жайылымға малын айдап
Шүйгінді шөбін шапқан, тірлік қамы.
Сол туған жер. құлазып тұр бүгінде
Сағынышын ойламаппыз түбінде
Мәңгілікке топырағын жамылып
Қимастарым қалды туған жерінде
Жиып терген ел еңбегі тоналған
Пейілі кең өскен елім адалдан
Быт-шыт болған орны толмас дүние
Кімге керек орны қалған тонаудан.
Құлазыған иесіз елім жетім
Өрт шалғандай айнала жердің бетін
Аңсап барсам «қорымды» аралаймын
Өлі дүние басқандай ауыл шетін
Міне бүгін туған жер көрінісі
Қалмады көз көргеннен үлкен кісі
Ауылдың кең пейілін сағынамын
Өмірді өзгерткендей уақыт күші.
Жатырсындар қимастар туған жерде
Жайлау еткен бабалар жүрміз елде
Менде мәңгі тұрмаспын, уақыт таяу
Кешір мені бір уыс топырақ бер де.

Тәттілерім өмірде.

Елжіредім баламның баласына
Өмірімнің жалғасы жан ашырға
Жүзінен шуақ шашар кәрі әже
Алла берген тәттілер арасында
Елжіреген немере әжелесе
Шыбын жаны садақа болшы десе
Сол әженің бірімін, бақыт тапқан
Көрінген қол жетпестей күні кеше
Өмірді жалғастырған жеткіншегім
Тауқыметпен өткердік ғұмыр көбін
Өткендері өтеліп, кемтік толып
Тәттілері әженің тапқан емін
Алла берген тәттілер немерелер
Өрістері жиендер, шөберелер
Кәрі әже соларға ақ жол тілеп
Сұрағаны ізгілік өнегелер
Әже ізі өшпейді сендер барда
Немересі соның дер сұрасқанда
Айтары ұл-қызына, жеті рулы ел
Сендердіде күтіп тұр, тәттің алда
Әже арманы, мақтанышы өмірде
Тояты жоқ, пендеміз ғой тегінде
Мен бүгінде бақытты әже ұрпақпен
Мәңгі өлмейтін ие болдым сенімге.

Баяғының келіні.

Қайда кетті баяғының келіні
Инабатты тәрбиелі өмірі
Ата ана бастауымен келісім
Құдаласқан қазақ ауыл өңірі
Көз көргендер ата қоныс силасқан
Құдаласқан –силас жандар қимастан
Келінің қыз ертеңгі, қызың келін
Ойлаған қыз ғұмырын әуел бастан
Әр кезеңдер өз сәнімен кеткендей
Кері әсерлі ой, бүгін түпке жеткендей
Ырым еткен, шыққан тегін көргенді
Баяғының келіні осы өткендей
Ағайын кінәлілер өзіміз ғой
Қыз өсті ашық-шашық, үйренді бой
Осы емеспе келінің күтіп жүрген
Шашып төгіп кететін, жасатып той
Өзгердік, білім алдық, еліктедік
Қыз жәйын ойламадық, ерік бердік
Некесіз бала туса, ар көрмеген
Бұрын қазақ-тірі өлген көріппе едік.
Қыз өсті тәрбиесіз, таптады арды
Жат қылықпен өткізіп, таппай жарды

Тәрбиелі қыз өсір,келін күтсең
Баяғы ұлжан,ұлпандай аналарды
Бар келінді кінәлаудан аулақпын
Еліктетіп ізгілікті жаулаттың
Баяғының келіні өз қолыңда
Келер екен келініңді даулап кім

Қыздарыңды аяла.

Намыс ардан айырды,ұлт қыздарын
Байқайсың ба сепкен у,зіл ызғарын
Сорақы аюандық көріністер
Қастандықпен қазақтың төкті арын.
Дабыралы намыспен күресіңдер
Зұлымдықтың түпкі ойын білесіңдер
Өссе ұрпақ тербеліп ақ бесікте
Ортасында үлгі боп жүресіңдер.
Келешекке кәрі әже ой тастар
Аналар ғой болашаққа жол бастар
Келініңді өз қызыңдай бағала
Болмасыншы ене-келін сөзде астар.
Менде енемін сөкпеймін келіндерді
Жат жұрттықсың ,қос-қостан егіздерді
Үйткені қызым келін, енесі ана
Жеткізген бірлікпенен сенімдері
Ақыл айтсам қыз-келін сөкпендерші
Қызға айтқаным келінге болмай ерсі
Болашақта сендерде ене- әже
Үлгі етсін қызыңды силас көрші.

Алдын алдым кәрілік.

Іркілмей ашық айтар сөзім қалды
Ілгерілеу ең соңғы өмір алды
Жүзім солғын тартсада мақсатым көп
Өлеңім кәріліктің алдын алды.
Көңілімнің көрігі от шашқандай
Кейбір сәттер ыршыймын от басқандай
О,ғаламат ойымды мың құбылтқан
Ашық айтқым келеді,тек жасқанбай.
Көрігімді қыздырсам емделемін
Тереңдесем ой теңіз сенделемін
Қартайдым деп қалайша айта аламын
Ұшқынымнан лауласа ем беремін.
Сынағыңмен әліде сынап көрші
Дарыным бар бойымда,болмас ерсі
Дертімді жазған дәру шипагерге
Ой қиялға биікте шырақ берші.
Мазаласа тұншығып,ұйқы ашылар
Ойым жоқ,өлеңімнен сыр жасырар
Булыққан ішкі ойымды,жанға айтпай

Толқып жазсам, ақ қағазға басылар.
Ақынның өлеңде ғой бар ғұмыры
Ой желісі тұрақтатар тұғыры
Бар ғұмырын өлеңге сәйкестіріп
Айналғандай жер кіндігі шығыры.
Іздедім жақсы өлең сенделумен
Құбылып күн көзіндей өзгерумен
Қалған ғұмыр арнадым, азық етіп
Өлеңімді өтсем деп өңгерумен.
Орамды өлең шөліккеуді басқандай
Мәнерлі сөз, сөйлетеді жасқанбай
Табылғандай шипалы ем өлеңімнен
Күтпе мені қартайды деп тосқандай.

Түс әлегі

Жол іздеймін жаяу асып асудан
Жете алмай, шаршап келем босудан
Кетіп бара жатқандаймын алысқа
Әуре сарсаң оянамын шошудан
Жол тосамын жалғыз шарлап түсімде
Әлде өмірден оқшауланған ісім бе ?
Өң мен түсім бір- біріне шырмалып
Ой- қиялым кіріп алған ішіме
Өң мен түс егіздейін бағыт- бағдар
Түсің өңдей кей сәтте атпай таңдар
Келе жатқан секілді -Ақырзаман
Қаһарыңа алма Алла, өзің оңғар
Түсі оңбастың, ісі оңбас дейтінді
Қалың оймен атырамын кей түнді
Түспен өңнің болжамына жете алмай
Қолдан жасап алғандаймын дертімді
Көзімді ашпай, ой өрісін өремін
Табалмай өз ойымның керегін
Көзімді ашсам бәрі тарап кеткендей
Өңбе, түспе табалмадым дерегін
Қиялдарым түске ұласып кеткендей
Ағын суды жағалап іздегенім өткелдей
Түспе әлде қиялым ба шарлаған
Адасумен басқа өмірге жеткендей
Түс дегенім өңім екен үр жаңа
Тек адасқан қара халық құл ғана
О, құдіретті бабаларым «көріп кел»
Келді ме әлде Ақырзаман жылнама

Өсиетім ұрпаққа.

Бердің Алла кең қойнау, жеті алқап
Өмір кештім солар деп, өкпем тарқап
Кетерімде тапсырдым бір өзіңе
Рухыммен жебетші- жаным ортақ.
Байлық- мансап уақытша кезең түрі
Долдас емес аз күндік, қолдың кірі
Ұлы көшім ұласса ізгілікке
Мен өлмеймін өмірде мәңгі тірі.
Қан тамырлы тегі бар Текке сенем
Тектілердің тамыры болсын терең
Екі дүние абыройы осы болсын
Адамдық, сабыр, төзім, ақыл дер ем.
Ұмытылмай рухы жүр ата-анамның
Түкпірінде сақталып бар санамның
Жасым 70 асада солар қолдап
Жүргендей боп сезіледі, таң қалам.
Балалар мұны текке айтты деме
Өмір-теңіз қатерлі қауып кеме
Қолдауына сүйеніп бір Алланың
Деп айтатын-пендеміз Әруақ жебе.
Жетелі сөзім қалса жетерліктей
Аналық парызымды өтерліктей
Жеті қазына өмірдің ұлылығы
Ізгіліктің жолын біл, жігін жіктей.
Алла сөзі абыройлы өлім парыз
Мойныға артпа, өтелмес міндет қарыз
Мәңгі өмірім тек сендер ұрпақтарым
Өмір соқпақ жолында баспа шалыс.
Еске түсер кез болар біз кеткенде
Аз күн жалған алдап тұр қол жеткенге
Өрлік жайлап, сөз бермес кезеңде ұрпақ
Арам шөптей қаулаған жыл көктемде.
Жайлаған ұнамсыздық көріністер
Қалды шеттеп тәрбие жағымды істер
Адамдық асыл қасиет өз бойында
Алланы ойла, басқа жоқ сені күштер

Өмірдің менде қонағы

Менде өмірдің қонағы
Созылған белес жолағы
Бурқасында өмірдің
Арқамда болды қорабы
Ағыны қатты өмірдің
Үстімен өттім жеңілдің
Өмір үшін күрескен
Өзі едім «Жансебілдің»
Басқардым өмір кемесін
Болсада тар жол, бөгесін
Белес астым бүгінде
Бақидың көріп төбесін
Өмірге текке келмедім
Қолдаушы тәңір сенгенім
Жазулы ғұмыр біткенше
Ой қиялым ермегім
Қонақ боп келдім өмірге
Түйгенім көп көңілге
Өмір қымбат өлшеусіз
Өмірден жеріп түңілме
Адамзат өмір қонағы
Өмір сүр, ұрпақ саналы
Біліммен күрес, өмірде
Алланың парыз талабы

Сенбедім әлі өзіме

Ойымды өрбіте алмай әуре сарсаң
Тоқтат деп сынаққа алам, енді болсаң
Маған біреу айтардай сезіктенем
Мұрнымды кесіп берем содан оңсаң
Сөз етердей біреулер секем алам
Қоштасарға қимаймын қағаз қалам
Еркімнен тыс, бір елес қылаң берсе
Есілсе ескек қалам, ұмыт болам
Мәнерлеу ой жүйелі өткелі көп
Белестерге ұмтылам деңгейлі тек
Өмірдегі сырласым өлең жырым
Шиырлаған қайықтай тоқтарсын кеп
Қалған ғұмыр жан серік ой қиялым
Менде пенде бір күні жан қиярмын
Аспан әлем рухымды аяласа
Қара жердің қойнына мен сиярмын
Ризалықпен өткен күндер өмірде
Қиял құсы шарқ ұрады көгінде
Тудым, өстім, бәрін кешіп кезеңмен
Өлеңімді бірге орашы кебінге
Сенбедім әлі өзіме
Демеген халқым сөзі ме?
Не деуге де білмедім, Еркімді алған сезімге

Өмір күрес

Өмір күрес, жеттім бүгін төзіммен
Өмір өзі шынықтырған бала кезден
Кешіп өттім өмірдің өткелдерін
Ойсыз түнім өтпеді көзімді ілген
Өмірге қонақ боп кел ылзалықпен
Бағыты мол, қос дүние көлемі кең
Ұмытылмас өмірде із қалдырсаң
Екі дүние абыройлы жүрісі тең
Көп айтылар сөз деме алсаң ақыл
Текке айтпаған бабалар сөздік нақыл...
Қиындықсыз өмірдің парқын білмес
Керек сана төзімді, сабыр ақыл
Төзгісіз қиналтады өмір кейде
Шаршаңқы сәттер болар түрлі күйде
Мың күндік жұмақ орын, бір күн жарық
Өмір күрес қажымай алға сүйре.
Өмір қымбат өлшеусіз бағаланған
Өмірсіз болған емес, тірлік жалған
Пейілді қанағатты тойымдылық
Кіршіксіз жанмен тәнге Алла қорған.
Еліктеуші кейінгі ұрпақтарым
Ізгілікті намысты болсын арың
Төрелі бол теңдесіп тең құрбыңмен
Өмір қымбат, өлшеулі ғұмырларың.
Өмірмен әлі келем күресуде
Шырықтырам өзімді ілесуге
Орта жолда қалғым жоқ, қартайсамда
Сөз қалдырсам саналы үлесіме.

Аманатым артыма- соңғы тілек

Соңғы тілек аманатым айтарым
Түсінбестік сөз болмасын қайтарым
Мен өлсемде рухым өлмес көгінде
Ана жүрек мәңгі бірге байқағын.
Ризамын Алланың бергеніне
Өткіздім жазған ғұмыр жөргегімде
Кезегіне келгенше айталмаған
Ұрпақ үшін ой тастап ертеңіне
Балаларым өмір кезек алмасқан
Өткендердің ізі осылай жалғасқан
Ойың өрлі, орның төрлі болсада
Ізден асып кете алмайсың біз басқан.
Қуанышым, мақтаным балаларым
Бөлерім жоқ ұл-қыз деп араларын
Бір қалыпқа соққандай мінез-құлық
Алла өзі ұқсатып жобаларын.
Аманатым ұрпаққа соңғы тілек
Жеткізбекші арманын ана жүрек

Өмір деген алдамшы, туыс қымбат
Бір-біріңе қамқор бол, қалма жүдеп.
Уақыт зулап өтіп жатыр айларым
Ойымда көп, айтылмаған жайларым
Ордалысың бәрің кезек күткендей
БІнтымақпен өтсін қызық тойларың.
Кешірімді болыңдар туыспенен
БІнтымақты туысқа дүние кең.
Кінәласпай қарасу бөліп ішсең
Алланың қалауынан шығасың тең.
Мен көтерген шанырақ ата қоныс
Кенже ұлдың мойнында ана борыш
Қос құлынға тарттырма азабымды
Сонғы сапар жасаған өзің болыс
Гүлзира балам болдың өз қызымдай
Бірге өткіздік көп жылдар өмірге сай
Қос құлынның қызығын бірге тойлап
Туыстардан қол үзбей қанатың жай
Әскенім әке мінез даралаған
Өмірдің тауқыметін жағалаған
Ұл боп тудың өшірме әке атын
Ойлай жүр туыстарды ағалаған
Алмагүл айналайын көзің ашық
Өткелдерден сенде өттің көңіл жасып
Құлындарым өзіңе аманатым
Туғанындай болсыншы бауыр басып
Қаршығам мен Айтбайым төл басым
Сендерді тірек етіп болдым басым
Сендер үшін аналық ақ тілегім
Қызық пен өткеріңдер ғұмыр жасын.
Болыңдар ата-әже немерелі
Ұрпақ өссін өнерлі өнегелі
Сыйластықпен өмірдің көшін басқар
Тірлік түбі бірлікте деген еді
Нәзкенім тауқыметті өткерген
Қос құлынды алып шықтың өткелден
Сүйген құлын Алла да сынамақшы
Кезекті рахаты бар шектелген
Мойымадың қиындыққа төзімді
Ренішті көрдің талай кезінді
Сенің көрер қызығың бар алдыңда
Есіңде ұста менің ақтық сөзімді.
Қаныбек пен Жәзікенім мақтаным
Тіл көзіңнен жасағаным сақтағын
Парасатты болсын берген ұрпағы
Ата-аналық борышыңды ақтағын.
Жәзікенім бойыңда сабыр ақыл
Алла берген ісіне бәрі мақұл
Абыройлы парасат ортақ ойлы

Жеткізер ұлағатты сыйға ақыр.
Гүлнәшім, Серік балам құлындарым
Ана жүрек ойлаған бүгін бәрін
Қос құлындар өмірлік қуаныш боп
Солар менен көркейтіп берсін сәнін.
Саяшым ерке қызым, Қуат балам
Алланың өзі берген сыйы саған
Боталардың қызығын бірге тойлап
Қол ұстасып жұп жазбай болшы аман.
Соңғы тілек арманым айтты деме
Өмір өзен толқытқан ашық кеме
Алаң болған көңілім, кінәм емес
Кетейін ақ тілекпен мейрім төге
Өрістеткен өрісім мақтанышым
Жанашырым қыздарым қамқор күшім
Көргенді бол тегіңе кір келтірме
Ұрпағыңа өнеге болсын ісің
Менен қалған өмірді сендер жалға
Кездескен қиындыққа жасып қалма
Біз өткерген өмірдің жалғауы боп
Сендерді де күтеді өмір алда

Мазасыз ойлар.

Кей сәттерде серпілем
Тұрткендейін бір түлен
Құрсауда қалған күшіктей
Дәрменсіз қыңсыл, ой кілең.
Сабырлы тоқтам айбарым
Шашырап жатқан ойларым
Ой салғым келеді ұрпаққа
Алдында тұрған жайларын.
Артпадым міндет ешқандай
Сөз айту қиын жасқанбай
Тыңдалмаған сөз жаза
Дауылды күнді тосқандай.
Бірдей емес бес саусақ
Қазіргі халым тұр қаусап
Арқаладым ой-қиял
Өмірім кетті кімге ұқсап.
Мазалап енді қажытпа
Сенсізде алдым азыққа
Ауысқандай күн мен түн
Кеткендей ғұмыр озыпта.
Күзгі күңгірт өңірді
Түсіріп елес көңілді
Сауға сұрап тыныштық
Әлсіреп жүрек жеңілді.

Ұшырдым қиял құсымды.

Үйрек,қаз,тырна қайтқанда
Ызғарлы қыс келе жатқанда
Қиялға батып келемін
Күн жиектеп батқанда.
Тырна, үйрек,қаздарым
Күн жылып келер жаздарың
Қиял құс бірге ұшқанда
Сендермен кете жаздадым.
Үйрек пен қаз,тырналар
Алдыңда көктем жылға бар
Серпін мен зулап,ұзаққа ұш
Сазды әуен қалсын үн салар.
Ғұмыр өтті, қиялмен шарқ ұрып
Ұйқысыз түн,ой-қиял атып тұрып
Қиял құсын сендермен ұшырайын
Ұзаққа ұшырмадым жолда тұрып.
Жыл құстарым аман оралғын
Қысқарды үзеңгі таралғым
Кездеспей қалсам,қайтқанда
Күтпеңдер мені, жар алдым
Ұшырдым жан серігім қиялымды
Жоғалтқандай мәңгілік сыңарымды
Жалғыздықта жанымның сырлас досы
Білмедім сені қалай қиярымды.
Сендерді күтсем енді кеш қаламын
Үлгеруге ертерек қамданамын
Көгімде аймен күнім күліп тұрса
Соңғы сапар риза боп аттанамын.
Торығып күзді тосқандай
Болады алда қыс қандай
Оралсаңдар мен жоқта
Рухымды оят жасқанбай.

Тірі жетім.

Шейіт ана бала үшін жанын қиған
Табанына жұмақтың бәрі сиған
Алғашқы дүние есігін Хауа ана ашып
18 мың ғаламға нұрын құйған
Ана атына құрметті теңеу таппас
Сол атыма кір келді, жиіркеніш лас
Қыздарымды аздырған, жау ішінде
Қайда намыс бабалар боратқан тас
Әлемге аңыз болды тірі жетім
Аналардың жоғалтып, ақ ниетін
Безбүйрек осы аналар ойлады ма?
Ордалы отау, немере бар сүйетін.
Тас бауыр баласынан безген ана
Шайтан арбап аздырған,улап сана
Сені іздеп барса алдыңа сағынышпен

Балам деп, қалай айтар жүзі қара.
Көбейді тастандылар ұрпақ жайлап
Сатылуда жетімдер құлдыққа айдап
Бала дәурен жетілмей, жетім үйде
Жастық шағын тұрақ жоқ жүрген қорлап
Баланы шерлі қылған ана оңбас
Нәпсінің құлы болып, жынмен жолдас
Тірі жетім сағынып ана іздеген
Ұрпағынан лағынет, ойлан қандас.
Іздейді жетіметтер туған ана
Қан жылаған жүрегі әлсіз ғана
Өмірдің өткелінен өте алмайсың
Ана аңсатқан жетімдік, қарғыс нала.
Шөберелі әжемін, айтсам сөкпе
Туралаған шындығым болмас өкпе
Қандастық қаным қайнайды намыстанып

Сағыныштар.

Өтіп жатыр болжаусыз өмір құйын
Біз өткерген ауыр күн,болмай бұйым
Сағынам ауылымның кең пейілін
Ескермей ауыр еңбек,заман қиын.
Кәрі теңіз толқынындай тұнжырап
Өзімді өзім алдандырам ой құрап
Кімге айтам сағынышты сазымды
Көз көрген жоқ,кіріп шығар хал сұрап.
Кең тынысты ауыл сәнін сағындым
Кәриясын табалмадым,о,замана не қылдың
Солардың арқасы еді ұйым бірлік
Сағынам ақсақалын ауылдың.
Жүрген кезді сағынам терезем тең
Жетпегенді жеткізген пейілі кең
Қиялыммен шарлаймын сағынышты
Жасытқан көңілімді,уақытпа ең.
Уақыт жылжып келеді кезегімен
Жер дөңгелек айналған өзегімен
Егіз етіп жалғанды сағындырып
Қайталаумен өткеріп келесің сен.
Өткенді сағынбауы мүмкін бе екен
Сөзден айып тартамба,алам секем
Тұрақсыз ,байламы жоқ,мына өмірге
Сағынышсыз ұрпақтар келерме екен.
Аралаймын өткен өмір сағымды
Жастығымды,ұмытылмас шағымды
Қош айтысам соңғы сапар бақилық
Сағынышты тастап кетем бағымды.
Қимас күнді өте қатты сағынам
Қарсылық жоқ,мезгіл жетті бағынам
Қалған ғұмыр сұрарым тоқтам,сабыр
Иманың бер,басқаны енді не қылам.

Сағыныштар қалар мәңгі артымда
Өлшеп берген ғұмыр бар өз қалпында
Өте шығар уақыт зулап белгісіз
Сағыныштар таусылмасын халқы

Бишік пен Түйсік. мысал

Бишік ойлана өрімге қарап
Менің күшім аюдыда үйреткен сабап
Деп-өрімін білемдеп,қолына орап
Ақылдаса Түйсікке келді жанап.
Түйсік бауырым хал қалай
Өткіздік босқа күн талай
Болмысымда билігім бар
Шешетұғын дау дамай.
Деп Түйсікке ой салды
Болжаусыз іске сайланды
Бишік желікпе,Түйсік елікпе
Салмақшы болды ойранды.
Күшке сеніп бишік жер тіреді
Түйсіктің не ойлағанын кім біледі
Сол мезетте паңдана басып,төбет ит
Ауыл итін шулатып,ойдағы іске дөп келді.
Қарулы бишік қарсы шықты
Зәресі ұшты Түйсік мықты
Күшке сенген мықтылар
Құрулы қақпаннан бірақ шықты.
Білікті мықтыларға бұл бөгет пе
Қылмыскер Бишік болды,бұл себепке
Қара күшке сенем деп,қырсық шалып
Сырт айналып кетті досы Түйсікте.
Күш атасы саясатты бірлікте
Түйсіксіздік қамықтырар тірлікте
Заманың түлкі болса,тазы боп шал
Дедудің өзін,ойландыраын білдік пе.

Өлеңіммен емделем

Өлеңіммен емделем толқынысты
Ауырғанда жүрегім бұлқынысты
Өлең өрсем мәнерлі жазылғандай
Емін тауып «Хандроз» жын құрысты.
 Өлеңіммен әсерлі қуат алам
 Өнімнің ырғағында туған далам
 Ой теңіз, ескек қалам, қайық қағаз
 Кемесіне өлеңнің құрық салам.
Қарапайым анамын өлең өрген
Ой ширатып, таспалы өрім өрген
Тоқыраулы ширыққан өлеңімді
Арқалап ала келгем туған жерден.
 Жан дүнием емделер ауырғанда
 Өлеңнің дәруіме сіңген қанға
 Ойымды жеткізе алсам өлеңіммен

Тынығып, тыныс алам ұзақ таңға.
Қалған ғұмыр қайраттым өлеңімде
Кеткен кекті өлеңмен өремінде
Кәрілікті мойындағым келмейді әлі
Өлең өлмей көнбеймін дегеніне
 Өлеңіммен дертіме таптым дауа
 Тынысымды ашқандай таза ауа
 Қара өлеңнің қаймағын қылғитындай
 Кей-кейде жаңбырлатып келем жауа.
Өлең сөз келістірген құдыретті
Өзіне баурап алған бар ниетті
Өрекіген ойымды жеткізуге
Поэзияға жүгінем әділетті.
 Таңғы намаз оқимын ақ ниетпен
 Жас ұлғайып кемелді, шын жүректен
 Жан серігім өлеңім осы жаста
 Арман жырым құтқарған бар түнектен.
Кәрі жүрек, шабыт алса көнбейді
Қуат беріп, күш жігерім демдейді
Жаным таза, қарапайым сөзіммен
Жетегінде менің жаным өлмейді.

Құбылысты дүние- бәрі өмір

Өмір теңіз- тұңғиықтың кемесі
Өмір өзен- адамзаттың белесі
Өмір тірлік- түзу тартар жебені
Өмір –асу жалғасатын келесі
 Өмір деген тағдырыңның талқысы
 Өмір өткен өкініштің толқысы
 Өмірдің бәрі егіз жаратылған
 Өмірдің болмайды екен жалқысы
Өмір атты құбылыс өзгермейтін
Өмір – бесік сан түрлі жыр тербейтін
Өмір әлем- тіршілік тыныс белгі
Өмір осы мәңгілік тек өлмейтін.
 Өмір қорған- әлемдік қақпа есік
 Өмір ана- аспан көк тербеп бесік
 Өмір өзі құндақтап жас сәбиді
 Салып берген бауырыңа кіндік кесіп
Өмір сезім- санаңды оятатын
Өмір қасырет-жаралап оқ ататын
Өмір осы құбылған жарық дүние
Өмір барда таң атып күн бататын.

II бөлім
ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Бал дәуренім балалық

Туған едім Үшқара баурайында
Ер жеткізген сәбилік қойнауында
Ала кеппін лаулаған соғыс өртін
Өмір күрес жазылып маңдайыма.
Бір кезгі Құрылыс, Айрық Мәди жері
Алмасқан атаулармен жерлер телі
Жері нулы, бұлақ -суы аңғарлы
Айрық,Едірей Мәдидің тарих мөрі.
Едірейден саналы білім алдым
Алғырлығым сыныптас бермей алдын
Серпілісті бір әсер болсадағы
Тірлік шіркін босатпай салмақ салдың.
Аяқталды оқуым, жол қысқарды
Бала дәурен соңы еді бұл тұстары
Жүрегі қорқынышты, ана ауру
Анам үшін кете алмай мен тысқары.
Жалындаған жастыққа тиді үлес,
Тірлік үшін басталды үлкен күрес.
Келер шаққа сеніммен аяқ бастым,
Өмір өзі дегендей көшке ілес.

Асулы жастық белесім

Бөктерлі Қу өңірі неше сала
Топтасты колхоздасып ауыл қона
Колхозға мүше болып бізде кірдік
Түсінбейміз еңбек күн табыс қана.
Осылайша жастық жалын басталды,
Ұл-қыз демей салды еңбекке жастарды.
Еңбекке араласып, қырман басып,
Шөп маялап түсінбей еш жоспарды.
Басталды өмір күрес еңбек майдан,
Еңбекке араластым тиді пайдам.
Отау болдық ордалы жан ұялы,
Қасірет түсті басыма тосын жайдан.
Егіздеткен дүние қызық күнді көп көрді,
Сәні кетті көңілімнің көктемі.
Полигонның ең алғашқы құрбаны,
Ардақтымның ажалына дөп келді.
Арқалық ата қоныс Түндіктінің бойында,
Ақ шаңқан үй, қала орнап Тәттімбеттің тойында.
Бар облыс жайсаңдары бас қосып,
Тәттімбеттің атын беріп, күй күмбірлеп сайында.
Совхозы облыстық алда болған,
Талапқа сай бәрі бар ырыс қонған.
Далам егіс, төрім өріс мыңғырған,
Тоқсанның тоқырауы салды ойран.
Ата қоныс берекесін кетірді,
«Бартер» атты кіре тартып өтімді.

Күлге айналған өтеусіз қайран еңбек,
Ескерілмей зейнеткерлер мен жетімді.
Шұбырды халық іздеп күн көрісті,
Кім істеді қайранмын төңкерісті.
Аласапыран дүние көргенім көп,
Өрт шалғандай даламды бар өрісті.
Баспалдақпен ілгері жақындадым,
Әлі аласым, өмірден ақым барын.
Өмір шексіз дегенмен ғұмыр қысқа,
Есемді алмай кетпеді мақұлдадым.
Өткелдермен кезеңдер асып келем,
Қоныстандым жаңа жұрт, ойым терең.
Енді қалған ғұмырда дос сырласым,
Өлеңімді құшақтап бірге өлем.

Тектілік текке келмес (әкеме арнадым)

Түбінде бар, талантты негізділік
Тегі бір қан тамырлы егізділік
Қарасам өткендердің іздеріне
Текке маған бермеген қиял қылық
Әкемде болды өнердің сегіз қыры
Түйін түйген өнерлі, әнші сыры
Кезінде ат тұрманын күмістеткен
Сауаты бар арабша, тілеулі ұлы
Кейінгі кез өмірі елге аян
Болған сері кезінде өмір баян
Анамды алып қашқан айттырулы
Сезімнің құлы болып Қозы- Баян
Нәубет жыл қасіреті ауыр тиді
«32» опырды ошарлы үйді
Тірлігінен тек белгі елге оралып
Бастан кешкен екеуі ауыр күйді
Салды тағы кеңес дәуір азапқа
Еш жиғызбай сүйреп салды тозаққа
Тауқыметпен өткерген ата анам
Ұшырамады ма? қай қазақ бұл азапқа
Бар нәубетті бастарынан кешірген
Әлі күнге шығара алмай есімнен
Қапы кеткен талайлардың өмірі
Табанында таланттыны өшірген
Әкем кетті «еңбек майдан» тылына
Соғыс жыл қаратпады ұлыменен қызына
Тапсырып ағайынға жан ұясын
Хат жазған шумақты өлең ел сағына
Әріппен латын, қазақ арапша оқу
Ол кезде айтушы еді төтенше оқу
Үйретпей -ақ меңгерген үшеуінде

Мен әкемнен үйренгем латынша оқу
Әкемнің болып еді сауаты мол
Қараңғы қазақ деген аштырмай жол
Солардың ұрпағымыз текке келмес
Шапағатты біздерге әкелген сол
Баламыз өткен күнге мән бермедік
Деуші еді жақсы жаман не көрмедік
Солардың айтқанына зер салғанда
Дәл осылай сарсан боп іздерме едік
Қиялмен кетіп барамын
Сөңгенше мәңгі жанарым
Қоштасарда жарық күн
Жанар ма екен талабым
74 жасқа келдім, уақыт таяу
Қиял қанат талды ма, қарқын баяу
Көңіл шіркін озғандай көк дөненнің
Көздеген жер жетсем деп келем жаяу
Кештім ғұмыр қиялдың қанатында
Көреген көз ақыл- ой санатында
Ертеңгі ұрпақ ізгілік үлгі етердей
Қалса сөзім мәңгі өлмес ана атында

Күрсінгенді Кейуана (анам Рымтай Рысбайқызына)

Мұңданған кейуана күрсінісі
Аз ғұмырда оңбады бір жүрісі
Құрсағынан шыққаннан анасының
Жазып қойған секілді тағдыр ісі
Ғасыр басы он тоғыз заман басқа
Кейуананың тағдырын содан баста
Үш жасында анадан жетім қалып
Шерге толы мөлдіреп көзі жасқа.
Жетімдік еркін өмір сүргізбеді
Заманының көрікті қызы еді
Атастыру құрығын жастай салып
Өтіп жатты ғұмырдың күн тізбегі
Бар еді өзі сүйген асыл адам
Болды арманы қалайда кету соған
Алласына жалынып үрейлі қыз
Қолға түссем, өлгенім ақыр заман.
17жас қашыпты сүйгенімен
Санаспай сүйіктісі үйдегімен
Таумен тасты паналап айлар жүрді
Соңға түсті жаулары түйдегімен.
Тепсініп құда жағы көрген жерден
Шығарамыз қыз-ұлды бірақ көрден
Деп тіресіп екі жақ егесулі
Ақсақалы жиналып тоқтам берген.

Қазір қайда ақсақалдар төрелі
Аталы сөз сөйлей білер келелі
Анаң қыз боп, әкең ұл боп тумап па еді
Деп ақырған үлкендердің себебі
Бір балаңның қызығында көрмедің
Көзім жетті ана мейірі сөнгенін
Кір шалмаған ақ жаулығың есейтіп
Өткеніңде 49 жас сенбедім
Жетім көрсең бердің қолда барыңды
«Әкесі» дедің атын айтпай шалыңды
Қатты айтқаның өз балаңа ашулы
Әкең келсін...деген сеспен нанымды.
Ғажап, ғажап неткен мейір шапағат
Көрші-қолаң үйіріліп жамағат
Қымызың бал, құрт, ірімшік, сары май
Мінезіңе ісің сай, тиянақты ғаламат
Бұл тауқымет ауырлықтың кезеңі
Ұқсатқанның тарықпады өзегі
Емшек тартқан тарықпас дейтін анам
Қазіргілер ертегідей сезеді.
Қос саусаққа ілдіріп жіпті шалып
Кимешектің бетіне өрнек салып
Ақ кимешек сұлу жүз келбетіңе
Алла өзі жаратқан мүсін салып.
Бір рахат көрмей кетті қолы босап
Түрлі тамақ жасайтын, же деп асап
Қадірлі үлгі жұртқа, қолың шебер
Алаша, кигіз басып, сырмақ жасап.
Жоқты бардан жасады киім –кешек
Көпсінді Алла, ауыр жүк салды кесек
Ана өлімі қабырға қайыстырған
Ішілмей ас, жиналмай қалды төсек.
Қалт жібермей ораза намазыңды
Жасыңнан иман жүзді жаның ізгі
Бар тілегің қабыл боп біздер үшін
Рухың биік қорғап жүр әлі бізді.
Үлкен силап, келді эзер тоқтамға
Аман қалып, зәрлі атылған оқтанды
Сүйіктісі жанұялы ордалы үй
Сонда да риза, өз бақытын тапқанға
Қилы кезең Кейуана өткені
Алаңсыз бір рахат көрмей жеткені
О, қасірет бір қалмадың соңынан
Зұлмат жыл 32 өткелі.
Мұңданғанда Кейуана күрсінді
Күрсіністің ауыр мұңын кім білді.
Ашаршылық зұлмат жыл, бәрін жойған
13 жаннан тек екеуі ілінді.
Елге жеткен аман-есен ілініп

Белгіміз тек тіршіліктен тірілік
Бастамасы алғашқы колхоздасу
Дейтін еді біз көтердік бірігіп.
Олар көрген азапты басқа берме
Соғыс салды сойқанды байтақ елге
О, Кейуана көргені аз болды ма
Ғасырлық таусылмайтын ұзақ терме.
Соның бәрін өткерген, Кейуана
Күлімсіреп келгендей туып жаңа
Сезді ме ғұмырының қысқалығын
Бар тілегін бергендей бүгін ғана.
Келтірді деп кеткенді шүкір етті
Деді Алла ризамын құдіретті
Жастай тартқан азабым өтелді деп
Ақырғы сәт бірер сөз айтып кетті.
Сабыр, төзім жеңгендей қасіретті
Артта қалған ұрпаққа тәубе етті
Кейуана мәңгіге ризалықпен
Қиналыссыз тып-тыныш жүріп кетті.

Сол анадан туғанмын

Мың тоғыз жүз елу жеті, маусым айы
Түзеліп келе жатқан елдің жайы
Оқыс ана өлімі салмақ салып
Жылауменен мұң кешкен қыздың жайы
Жылаумен өтті күнім неше жылдай
Қыз байғұс осал келер, болмас ұлдай
Аңырадым апалап ұйықтап кетсем
Өз даусымнан шошынып жаным қылдай.
Сол кезде анаға арнап жаздым өлең
Оятып сезімімді бастау белең
Ана қабірі «Ана»-ға толқынысым
Ой салып кеткендейін маған терең
Анам алып кеткендей балалықты
Ерте есейтіп ойлантты саналықты
Мәңгілік есте қалды ұмытылмас
Он алты, он жеті жас аралықты.
Алла берген бар еді ұл менен қыз
Төрт перзенттің бірі мен қыздан жалғыз
Жалғызы боп ерекше мейірім төккен
Сол анама болдым ба жарық жұлдыз.
Ана деген атыңа табынамын
Қартайсамда әлі де сағынамын
Тауқымет пе ерекше зерек еткен
Ізгіліктің жолынан жаңылмадың.
Менің анам оқымаған зеректі
Үлгере алмай ала алмадым керекті
Маған айтқан ақылымен тәрбие

Әлі есімде ақыл кені бөлекті.
Тартар ана бала үшін азапты
Артық сөз жоқ, діндар еді ғажапты
Мейіріменен шуақ төгіп, елжіреп
Тап-таза су мөлдіріндей бұлақты.
Ғұмырың қысқа болды бейнет толған
Мұқтажын тіршіліктің жасап қолдан
Егіз ғұмыр өткелді өткендерім
Деп сабыр ризалықпен тәубе қылған.
Мен бүгін 70 асқан кәрі ана
Ана аңсаймын болғандай бүгін бала
Құрсағында 9 ай жетілдірген
Ұмытылар тек ана өлсем ғана
Аллада ана атын құметтеген
Аналардың күткені мейірім сенен
Ананың табанында «жұмақ» деуі
Ризалығы ұрпаққа керек деген.
Әлі күнге бүгінгідей еске алам
Сенің қаның бойымда, қайда барам
Елестерің кетпейді көз алдымнан
Қартайсамда мен сенің әлі балаң.

III бөлім
ШАБЫТТЫ ОЙ - АҚЫННЫҢ СЕЗІМ ОТЫ

Рухты ақын бақсыдай.

Рухты ақын бақсыдай арқа қозар
Бәйге атындай аламан жарыста озар
Жан төзгісіз ақынның ширығуы
Дауылдатқан өрттейін жолды бұзар.

Ақынның өз өмірі бастамасы
Өлеңнің қалпын құяр жас шамасы
Ақын ойсыз жүре алмас,мына өмірде
Тасырқаған аттай боп,жоқ тағасы

Өмір өзі ақынды шынықтырған
Өрленсе бет қаратпай құмықтырған
Азуы алты қарыс-көк бөрісін
Шүйліккенде қырандай ұлыттырған.

Өткір тілдің азабы-ақын соры
Тереңнен өз-өзіне қазған оры
Ескертпелі сыншымен тыңшылар көп
Кедергіден көз ашпас,болмас жолы

Ашық айтар сын пікір ел қалауы
Жемқорлардың үдеп кетті талауы
Ашық ауыз қара халық өз жұртың
Көк байрағы,өз елінің жалауы.

Қақым жоқ ақындарға пікір айтар
Толып жатқан айнала небір жәйттар
Түсінбейтін құбылыс сандықшада
Басқарып тұр әлемді түрлі сайттар

Әттеңім көп айтатын кезеңіме

Әттеңім көп айтатын кезеңіме
Қолымнан келсе егер,төземін бе
Тек қиялдап шырмалам,уақыт озды
Жар жағалап тұрғанда кезегімде.

Өмір деген өткелі көп өрелі
Уақыт өтіп, қалмады еш мәнері
Кейінгіге ой тастадым ойланар
Ұрпақ өссе,кемтік толар дегені.

Әттеңім тек жете алмай кеткенім
Толған кемтік азда болса жеткенім
Бір Алланың добы болған пендеміз
Алдамшы өмір көріп келем өктемін

Өтіп жатқан айлар,күндер өмірім
Сезіміме қуат берші көңілім
Болмасамда атақты ақын,жазушы
Жоғалмашы ізім ғайым сенімім.

Салмағы ауыр ақынның.

Ақын жаны сан салалы толғанис
Бірде бүркіт, бірде алып жолбарыс
Қалам тербер ұшқыр ойлы ақындар
Қиял құспен ұшып кетер кейде алыс
Деректі сөз ақын жолы бастауы
Махаббатқа шомылғандай жастауы
Мұқағали, Қасым, Абай, Мұқтарлар
Өмір күрес, арпалысқан қас жауы.
Әр кезеңнен ақындардың шабысы
Ақынсымақ талайымыз... тағысы
Сәкен бастап, қапылысты өткен жыл
Жарқ-жұрық етті найзағайдай ағысы
Сұрапылды қанды соғыс майданда
Жамбыл ақын салып ұран айғайға
Ойранда-деп майдан шебін сілкітпін
Жаудың шебін тықсырғандай қайраңға
Ақын-жырау баба іздері жалғасқан
Сөрелерден алып шықты шаң басқан
Ақан сері-Ақтоқты, Біржан-Сара
Қайта оралып, сазды әуенмен үн қосқан.
Ғасыр сырлар, қаламның сиясында
Ақын жаны ләззатты ой, қиясында
Шабыттың қиялымен шыңына өрлеп
Қол созған қыран құстың ұясына.
Өткен өмір кезеңнен, тоқуым көп
Таласым жоқ білімге, тілегім тек
Ақын жанды ару қыз, жас жігіттер
жыр өлкеге жаңбырлы нәріңді төк
Салмағын ауыр көрем ақынның
Мазасыз күн кешетін бақырдың
Өз басымнан өткендіктен айтамын
Жар шетіне таяп қалдым, жақынмын.

Ұлағатты ой зерде.

Ұлағатты ой зерде тереңдегі
Шарқ ұрады жан дүнием өлеңдегі
Елес болып ішінде бұлдыр сағым
Шыр айналған қаңбақтай әлемдегі.
Міне осылай арпалысқан дүние
Түсіп жүрміз түлкілі өмір күйіне
Біз өлсекте, сөз жалғассын ұлағат
Ұлылықтың ұлар шыңы білімде.
Адалдығы жанмен тән, иман жүзді
Ізгілік жол жеткізер, соған бізді
Зерделі ұғым ақыл ой парасатты
Болашаққа бастау жол ұлмен қызды.

Түсіндіргің келгенмен шын жүректен
Кім көтерер өткізсең,сөз сүйектен
Өткеннің ұлағатты даналары-ай
Тұлғаң биік тұратын көк жиектен.
Мұңайтады дәрменсіздік жанарым
Арлы иманым,мәңгі алып барарым
Абройыммен кетсем мәңгі сапарға
Жоқта шығар енді өмірден аларым.

Өлең сыны-ашық ой...

Ашық ой пікір айтса өлең сыны
Поэзияның бағалы сөздік құны
Шабытты өлеңінде мөлдіреген
Ақынның иманымен адал шыны.
Сыны түгіл шыныда байқалмаған
Май түспейтін қаймақтай,шайқалмаған
Өз-өзіме сенбестей,күй кешумен
Үнім шықпай келеді айтылмаған.
Осындай ойларменен құлазымын
Білмейтінде шығармын,берген сиын
Құдыретті Алланың маған берген
Жүрегімде иманым,алған сиым.

Ойдан тұрақ іздедім.

Ұзақ күн алданышым ой ермегім
Пікір талас ойым жоқ,сөз термегім
Баласы атқа шапқан анадайын
Үйде отырып,тұрақты ой тербедім.
Ет жүректен шығатын адал сөзім
Еркінді алар қарттыққа жетті көзім
Құн тартып қаламба деп сескенемін
Қазіргі саясаттың білмей кезін
Жас ұлғайып,шыққандайсың санаттан
Бәрі ерсі,шыға алмайсың талаптан
Ұзап өмір,жасып көңіл торығып
Уақыт жылжып,шеткерілеп баратқан.
Аз ғұмырда іздедім ойдан тұрақ
Құтыла алмай қоямын,кейде бірақ
Жолаушыңды күткендей алыс кеткен
Отырмастай күй кешем,жүйкем шыдап.
Жүргендеймін кең даланы аралап
Қиял самғап,ой толғатып балалап
Ескексіз қайырлаған жел қайықтай
Түйсіксіз дарын ағыс жүр жағалап.
Өрең қысқа,түйсігі жоқ арыным
Сан салалы жаздым ойдың сарынын

Ғұмырлы үлес қоссам, ұрпақ үшін
Дән ризамын, болмаса да салымым.
Адам болмас армансыз өл-өлгенше
Құлазытар арман ой тең келмесе
Дарын ізім өмірде өшпесе екен
Жалғас тауып, ұрпақтар сен келгенше.
Саған сендім тұрақты ой дарыным
Табу қиын ізденістің жарығын
Құлаштаған құлашым қырдан аспас
Қайтарсам тек өкініштің қарымын.
Ғұмырымды серік еттім өлеңмен
Сөз жүйесін өрбітсем деп тереңнен
Жасым келіп қартайсам да, сөзім жас
Төрешісі халық болар дегенмен.

Жарылғап жүрмін өзімді.

30 асып өмірге болдым құштар
Аңқылдаған жастығым осы тұстар
Көңіл көктеп, өмірдің құлпын аштым
Өлең атты өнермен болдым ыспар.
Ойланамын, тегімдегі дарын ба
Деп тұрғандай, өзіңді-өзің жарылға
Мөлдіреген тұнық көзі лайланып
Жүргендеймін қалың орман сағымда.
Ой қиялға көмекші, дарын зерек
Әттеңім... шыңдалмаған білім көмек
Мұң мұқтажын арқалап өлеңдерім
Өзімді өзім жарылғап, жүрмін бөлек.
Өкпелеме дарыным, тірегім жоқ
Жүре берші, қолдаушы үміткер боп
Түн ұйқымды төрт бөліп мазалайсың
Алыс кетпе қиял құс, өлгенше тек.
Бірге өтейік бұл өмірден кеткенше
Санасына ұрпақтардың жеткенше
Мүмкін емес, текке өмірге келуім
Сен тұрғанда ақырғы дем біткенше.

Қолдауынан күш алып жыр атаның.

Қыжылы көп өмірдің жыр толғауы
Болашақтың серпінді көп жолдауы
Талпынысты талапты бағалайтын
Керек екен халықтың тек қолдауы

Көз жұмып, түн қараңғы шабыттанам
Мазасыз көңіл ояу, күллі санам
Тереңдетіп ойыма жету қиын
Тынымсыз шаршатқан ой қайда барам

Ұйқысыз кей жағдайда күй кешемін
Лепірткен шабытпа әлде күн кешегім
Шаршайды екен шабытта ойдан безіп
Жобалаған шықпайды бар есебің

Өзімді алдарқатып жұбатамын
Қолдауынан күш алып жыр атаның
Ұрпақтарым байлығым мақтанышым
Тиген шығар қолдауы көп батаның

Бұлтты күндей көңілде тұнжырайды
Жылжып келем өткізіп жылмен айды
Жас ұлғайып, толастар кезім келді
Десемде, итім үріп қыңсылайды.

Мүддесіне елімнің ортақ пікір.

Пікір талас ел мүддесі ойландырды
Ұялсада көтерген халық сынды.
Саналыға салмақты өте ауыр
Пікірлескен мәдени әдеп құнды.

Көргенсіз қыз , кінәсі анасында
Тәрбиесі пәктіктің міне осында
Қыз абройын ертерек ана ойлау
Қызға тиым, 40 үйден сөз тосын ба

Ашық айтып бар жайды бейімдедік
Ауызға алмас ұяттан сейіл дедік
Бір кезде құсыл құйын деген сөзге
Ұяттан өртенуші ек азап шегіп

Бетімнен отым шықты ұялғанда
Әдепсізді мұнымен тия алдың ба

Шіміркенбей қыз ұлдар сөйлегенде
Мен ұялам төменшік ел алдында

Жетілдік деп ұяттан жүрдай болдық
Ашық кеткен хайуандай неткен қорлық
Ойрандаған абройды ұят көрмей
Бесіктен белі шықпай,қойған қор ғып.

Әрине қыз пәктігі ар намысы
Өмір өткел өзеннің қатты ағысы
Қыз бойынан табылған ләззат дәмі
Аялаған бақшада Күнбағысы.

Қыз пәктігі бүр жарып ашылған гүл
Заманында мән берген пәксіздік тұл
Жеңге арқылы тексеріп,қыз пәктігін
Бет пердесін сыпырып,ашылған сыр

Қыз пәктігі сенімді құмарлығы
Байлығындай сепкен дән құнарлығы
Қосағыңмен қоса ағар деген бата
Түпкілігі пәктіктің шынарлығы.

Жаратылыс тіршілік бейімдеген
Жаратқан Алла бәрін егіздеген
Бүгінде бетін ашып құпия сырдың
Адам ата Хауа ана негіздеген.

Қыздарым пәктік қымбат,бақ талайың
Бақытты өмір,күткен алда бал айың
Керегін ал интернеттен «ғаламтор»
Еліктемей пайдалан тек қолайың

Қыздарым сананды оят арланатын
Өмірлік жарыңды тап бір болатын
Қыз намысын қорғаған ізгілікті
Аналарың әдепті қыз болатын

Ел мүддесін көтерген ой саламын
Өмірге салауатты таң қаламын
Имандылық ізгі ойдың бастамасы
Дін исламда түзулік,тек талабым.

IV бөлім
ИМАНДЫЛЫҚ ІЗГІ ЖОЛ

Пендеміз аз күн жалған сынақтағы.

Пендеге берген Алла аз күн жарық
Өлшеп берген ғұмыры, өтем салық
Жауапсыз егіз дүние қалған емес
Жеңілдігі Алладан өлшем парық
Тіршілікті әу бастан егіздеткен
Егізсіз тіршілік жоқ, жермен көктен
Ойлансаң жақсы жаман бәрі егіз
Пенденді артық кеткен кешір өктем
Алладан басқа бүгін қорғаның жоқ
Алдамшы мына жалған, дүние бок
Алла сөзі ізгілік имандылық
Алла жалғыз, сенімді көңілің тоқ
Бүгінде айрылған көп боздақтардан
Орнында бар оңалар, ұрпақ қалған
Ұмыттырған тіршілік қам қаракет
Сол емеспе, алдамшы бес күн жалған.

Дін мен тілім бірлігім

Қазақстан әйгіленген әлемге
Қазағымның жетті қолы әреңде
Сыртыңды жылтыратып, ішің бықсып
Не айтасың – қазақсың ба? – дегенде.
Тазаланбас жылға суы ағыссыз
Жалықтырар көпірме сөз маңыссыз
Құрбандары желтоқсанның кешегі
Қыз ұлымен ұмытылмас таныссыз.
Қасық қаным, деген боздақ ұлты үшін
Аманат қып тастап кеткен ұлты үшін
Жат түңілер өзінді өзін сыйласаң
Дін мен тілде Тәуелсіздік бар күшің.
Тоқтамы жоқ ауыс-түйіс күнде заң
Болды ма әлде бағынбайтын пенде паң
Қасірет кешіп, тәуелсіздік ел болдық
Қазақ үшін енді ғана атты таң.
Күшпен алдық қазақ боп, Алла қолдап
Бағы жанды кейбіреу «доллар» сомдап
Зер салыңдар, киелі қазақ ұлтым
Дін ислам қасиетті, Алла қорғап.
Дін мен тілім бірлігім ұлттық құрал
Әлем тану тарихы ертең сұрар
Әділдікпен шындықты берік ұстау
Тәуелсіздік мызғымас сенім құрал.
70 жыл есеңгіреп дін мен тілі
Өткеріп неше сойқан, ұшты күлі
Не ол емес бұл емес, Абай налып
Айтқанындай мәңгүрттік несі тірі.

Тартқызба Алла ұрпаққа

Сынамаққа берді Алла байлық, бақыт
Оранып алтын, күміс, бриллиант, жақұт
Егіз дүние, судыңда сұрауы бар
Адасудан ес жияр келді уақыт.
Пендеге өмір бердім егіздеткен
Деген Алла сұрауы, шықпау шектен
Екі дүние, бағытын жіберді Алла
Мұхаммедке / ғ.с./ жеткізіп сөзін көктен.
Ақыл алтау ойлансам, ойым жетеу
Қалған ғұмыр қуат бер, міндет өтеу
Ешкімнен артық емес, менде пенде
Сенген құлы Иманға парыз жетеу.
Алладан басқа сенер қорғаның жоқ
Қызықтырған алдамшы дүние бок
Елесін көрсетпесін Ақырзаман
Алла берсе, ырзығын бәріміз тоқ.
Қанағат бер, пендеңе тойымдығын
Сақтай гөр, апатынан қауырт шығын
Пенделердің білмесін өзін кешір
Құлақ естіп, көз көрген келді бүгін.
Ұрпақ бар, артымызда ой саламын
Жақсы-жаман атқардық жыл талабын
Жалғап келед келешек ұрпақтары
Тартқызбашы соларға бар залалын.

Қасиетті тілек түн

Бисмиллаһи ррахман Алла жалғыз
Пендең біздер жаратқан мың мен санбыз
Өз сөзіне Құран сөз иланамыз
«Құран кәрім» қасиетті ақ жол нағыз.
Дін ислам құдіретті санамды оят
Хадистер мен құлшылық түскен аят
Көк тәңірі – Тілек түн әмір берген
Көкірегімді тазартып, берші тоят.
Жазықсыз жаза салма басымызға
Бүгін түн періштелер қасымызда
Пенделердің тілегін қабыл етші
Жеткізші! – Жаратушы досыңызға
Жалған дүние алдамшы, қорқыныш көп
Мейрімді Алла- құлына қоймашы шек
Қысқа ғұмыр пендеңе, сынақ өмір
Алдымды Алла тілерім, қорқытпа тек.
Дұшпанның қалдырмашы табасына
Артықтың кезіктірме жазасына
Ұрпақ берші саналы, парасатты
Өзің баста, ақ жолдың тазасына.
Жайлап кеткен сақташы қауыптерден
Апаттардан сақтай гөр, тосын келген
Ұрпағымды аздырма шайтан арбап

Нұрын төкші пендеңе көктен жерден.
Жылатпа Алла, пендеңді қасіретпен
Өз қолыңда жасаған мейірімің кең
Тілектерді қабыл ет, құдірет күші
Жүректерге дәру бер, шипалы ем.

Өлшеулі Алла мөлшері

(термелі сөз)

Мөлшерінен асырмас
Тартқан азап ғасырлас
Артықтың бар апаты
Деген сөзді жасырмас
Ісіне Алла жазбасқа
Пендесін тілеп азбасқа
Бұқар баба тілеген
Ізгілік салтын тозбасқа.
Талай тасып төгілген
Қабырғасы сөгілген
Басынан өтті пенденің
Мың өліп,мың тірілген.
Жаратушы ғаламды
Пендесі үшін алаңды
Өлшемінен асырмас
Жалғыз Алла табанды
Ай күнді Алла жаратқан
Күн батырып, таң атқан
Аспан - әке, Жер- ана,
Егіз етіп жаратқан.
Теңестіріп төрт құбыла
Біріне бірін қаратқан
Аспан мен Жер кіндігі
Тіршілік қанын таратқан
Кеңістіктің арасын
Адамзатқа қаратқан
Нәпсіге тиым салдырып
Қанағат берген жаратқан.
Айналғандай жер кіндік
Уақыт жылдам санатты
Ойланғанша күн батып,
Көз жұмғанша таң атты.
Таласың жоқ ғылымға
Бастаушы Алла ұғымда
Аспан көгі нұрлы әлем
Табынған адам бұрында
Бүгінде көкті тілгілеп
Жер ана батты шығынға
Жер сілкініп, сел басып
Қатерлі болжам ұғымда

Құлан жортар тауларым
Күл талқан боп кетпей ме?
Болып жатқан зілзала
Ұшқыны бізге жетпей ме?
Көк қыртысын айырған
Күннің нұры жайылған
Таянып өртеп кетпей ме?
Күңіренген Жер ана
Наласы саған жетпей ме?
Қопарылған қара жер
Теңіз, өзен, көліңді
Аждаһадай жұтып кетпей ме?
Ойран салмай ай күнге
Қара жер байлық жетпей ме?
Күн күйдіріп қуартса
Жер ана нәрсіз көктей ме?
Өлгенмен тең табиғат
Реңі кетіп шөкпей ме?
Ескерткен баба болжамы
Тағдырды тәлкек еткенге?
Болмасына кім кепіл
Күн нұры төмен сепкенде
Күнмен айдың шуағын
Алла ғана төккенде
Алланы естен шығарған
Біліктілер өктем бе?
«Алтын балық» ертегі
Шындыққа бүгін жеткен бе?
Сарапқа салып ойлану
Мөлшерден асып кеткенде
Шеттен шыққан зерттеулер
Ермек болып кеткен бе?
Жаусада темір аспаннан
Еті үйреніп кеткен бе?
Уланып болды қара жер
Кейінгі ұрпақ жеткенде
Қырылып жатыр жас ұрпақ
Мөлшерлі жасқа жеткен бе?
Әке қарғысы оқ болып
Жаумасын қарғыс көкпенде
О, ағайын, пенделер
Алла бір күн шектейме?
Еріккеннің ермегі
Түбімізге жетпей ме?
Адасқанның сөзі деп
Айтарсың мені сөккенде
Қаһарына алмашы
Ақырзаман жеткенге.

Бағалайық ғұмырды өлшеп берген

Алла ісінен басқаға ешбір сенбе
Қалғаным жоқ өмірден менде кенде
Жоқ деп сасып, бар деп асып, сабырсыз
Қанағатсыз, тойымсыз болды пенде.
Көңілім құлазиды тарыққандай
Тұрақсыз өмірме әлде? – қорыққандай
Арымызды ақшаға айырбастап
Бәрін сатып, байлыққа жолыққандай.
Кінәлағым келмейді әлде кімді
Естідім оғаштықты ерсі үнді
Басқарып тұр басқа әлем санамызды
Электронды компьютер миға кірді.
Бүлкілдеген қан тамыр бойымызда
Орындалды армандар ойымызда
Қанына тартпағанның қары сынсын
Жақсы жаман жібермес қанымызда.
Өмір деген осы ғой жалғасатын
Зымыраған уақытпен жыл қосатын
Алланың орындушы біз құлымыз
Білмейсің алда әлі не тосатын
Қалған ғұмыр алданыш өлең – жырым
Қағазға жаза бердім өмір сырын
Өрлігімде, ерлігім ақ қағазда
Ғұмыр берген өлшеулі менде құлын

Сөкпеші фәни жалған...

Қызықпадым замана тірлігіне
Отан тыныш болса екен, бірлігінде
Қорғай жүр ұрпағымды өзің берген
Бұрқыратқан түтінін түндігімде
Қалған ғұмыр қадырым, абыройым
Кешір Алла күткім жоқ. Мерей тойын
Ілгері басқан сайын қорқыныш көп
Ұрпақ аман, ел тыныш кетсем ойым.
Пендеміз ғой әр істі армандаған
Кезеңдерді өткердік жақсы-жаман
Қартайтып қадірімді кетіремеші
Күпірлікке жазба Алла, кетсем аман.
Көрмегені көп екен, көрер көздің
Қадірі кеткен қазір ұғар сөздің
Тұрлаусыз заман басқа, не күткендей
Кезімнен өткенімді нақты сездім.
Қадыр кетсе, ісіңнің бәрі зая
Жауап берер алдағы өзіңді ая
Кінә артып ұрпаққа, салмақ салмай
Жолдас етіп иманды, тапсам сая.

Қорғаушың Алла сиынар

Құдіретің күшті Аллаһ хақ
Мейіріміңмен бердің бақ
Сақтап қалды құлдарын
Құлауға жардан қалған шақ
Билеушің бар адамзат
Алласыз істің бәрі жат
Парызын өтеу Алланың
Ізгілік жолы ақиқат
Құлдары Алла хазірет
Елшісі Алла Мұхаммед
Үмбеті үшін Алладан
Жеңілдік сұрап ақірет
Жалғыз Алла сенгенің
Жалған бәрі өңгенің
Алладан басқа кім білер
Өлгендер тіріліп келгенін
Дінімді мәңгі сақтағай
Алланың атын мақтағай
Дін ислам нұр болып
Еліме мәңгі тоқтағай
18 мың ғаламды
Әлемдік түрлі салаңды
Аспанмен жер арасын
Біріктіріп қоғамды
Әлемдегі қозғалыс
Алласыз болмас табанды
Артығыңды кешірет
Қатерден сақтап адамды
Тимейік Алла кәріне
Тартар азап соданды
Бабалар айтқан болжамды
Тарттырма бізге жазанды
Тілейік таңғы намазбен
Жолатпа шайтан тозаңды
Алланың құлы мұсылман
Сиынбай баспа қадамды
Өткен бір өмір өксітіп
Жаралап кеткен санаңды
Ақыр заман қасіретті
Төңкертпеші ғаламды
Баянды ет келешек
Имандылық қадамды
Осының бәрі Алла ісі
Түсірет еске тобаңды
Алладан басқа пірің жоқ
Түсірген Алла құранды
Алла сөзі құлына
Ізгілік жолы ұранды.

V бөлім
ҚҰРМЕТ ИЕЛЕРІНЕ АРНАУ

«Орталық Қазақстан» ел тарихы

«Орталық Қазақстан» ел айнасы
Жоспарлы іс атқарған ел пайдасы
Сатирик, жазушы, ақын бәрі осында
Көкейкесті ой түрткі, шымшымалар айласы.
Өткен дәуір тылсым күш әр халықта
Дәл солай бастан кешкен Орталықта
«Қызыл тулы» орденді, «Алтын жұлдыз»
Бәйге шауып жүлде алған топ жарыпта
Ұлы тарих қазақтың әр аймағы
Даналардан тараған сөз қаймағы
Толғанысты халықтың ой-желісін
Баспа беттен тапқандай қай-қайдағы
Мұхит құрап өзен-көлдің ағысы
Байлық көзі қара алтын, болат құрыш табысы
«Орталық Қазақстан» шеру тартқан
Астаналық Теміртау сөз жарысы
Болашақтың бастауы баспа беті
Еңбекші елдің бірлігі түпкі ниеті
Ел тағдырын шешетін қаламгерлер
Тынымсыз жол үстінде желдің өті
Қияға көз жүгірткен қырандары
Бар қазақты оятқан ұрандары
Орталық тарих бетін ақтаруда
Қазақтың ата-жұртын қиялдағы.
Түтінін бұрқыратқан шаңырағы
Орталық Қарағанды өмір бағы
80 жылдық тағдырды арқалаған
Толғаулы тоқсан қызыл тіл өткен шағы.
Зерттеуші ғалымдар көп таным ие
«Орталық Қазақстан» таныс жүйе
Өткеннің шежірелі тарих сырын
Оқырманын көбейткен тілді кие.
Әлем шардың ғажайып шет тынысын
Ұлықтаған өткеннің ел ұлысын
«Ордалы отау» қазақтың шаңырағы
Көтеруде байлығын ел ырысын.
Халықтың шар айнасы көкейкесті
Ой саналы жетекші жастар өсті
Уақыт жылжып ғасырға жетелей бер
«Орталық Қазақстан» керуен көшті.

Атына сай Жұлдыз (Жұлдыз Райымбекқызына)

Тектілікті танытар тіл қазағы
Поэзия ақынның дерт-азабы
Тіл құдіретің қалдырса ата мұра
Қазналы байлығың тіл ғажабы.
Соның бірі тектілік дарынды ақын
Білім шындап Жұлдыз қыз тілге жақын
Арқаның өткір тілді ақын қызы
Танытуда еліне шама шарқын.
Балқанның жұлдыз қызы Орталықта
Айтыс ақын танылған жыршы топта
Тегінде бар тек кетпес ұлылықты
Шеттетуге қақым жоқ сөзін жоққа.
Өмір күрес асулы адам сенбес
Орталықтың Жұлдызы ерге теңдес
Шынарында шыныққан Балқантаудың
Шабыттанса Елік қыз жанға көнбес.
Ұмытылмас шабытты алау өрті.
Басталған туған жерден өлең дерті.
Жастығымның қайнары туған жерім
Шыңы болам Балқантау деген серті.
Қолтықтай жүр Баба жұрт ақындарын
Ұрпақ өсіп өрбіткен білім дарын
Туған жердің тынысын өлеңмен өр
Жыр көрігін қыздырып алау жалын.
Жыр өлкесін гүлдендір шөліркетпе
Ізін жалға ағалар сөзін төкпе
Атыңа сай еліңнің Жұлдызы бол
Абыройың асқақтап таныс көпке.
Ерікті елдің ер қызы ойы терең
Бабалардың ұрпағы өңкей ерен.
Мәди, Айтбай, Тәттімбет, Жүсіпбектер
Жыр елінің тұяғы сенде бірі ең.

Қазақтың ерке қызы –Мақпал аты (Мақпал Жүнісоваға)

Ән ордасы Балқаннан өріс алған
Ақ көбелек қыз еді, гүлге қонған
Қанатыңды кең жайып алысқа ұштың
Мақпал қызы Балқантау бақыт қонған.
Мақпал қыз Ақ орданың жұлдызы бол
Асқақтасын абыройың өрлеуде жол
Шырқау биік шыңдардан көріне бер
Балқантаудың шыңындай биікте бол.
Сахнаның көркі бол әсем үнмен
Күләштің жалға үзігін халқы сүйген
Роза мен Бибігүл аналардай

Жұлдызы боп жарқыра көкте күлген.
Жастығыңда самға биік ғарышқа
Қайрат, жігер жеткізетін табысқа
Қазақ қызы өнеріңмен сүйсіндір
Бас идіріп қазақ деген намысқа
Тоғыз елді қу өңір кең даласы
Мен де өскен сол тоғыз бір саласы
Қазақ қызы мақтанам жұлдыз болса
Жерлесімін Мақпалдың мен де анасы.

Ер мінезді ерке қыз.

(Майгүл Насыр қызына)

Қазіргіге өткеннің бәрі жалған
Ауыр кезең,тірлігің барлық арман
Майгүлдің арғы тегін қозғай қалсаң
Бастан кешкен өмірдің бәрі майдан.
Тараған рулы тек ұрпақтары
Ел ішінде биік еді шоқтықтары
Айтулы ел басқарған Қожа,Насыр
Ұрпағы бар қыз ұлдан жалғастары
Әкесі Майгүл қызын еркелеткен
Тілеулі бала,жылаулы сөзі неткен
Мойытпаған тауқымет Майгүл қызды
Дарынды текті қасиет әсер еткен
Өмір күрес Майгүлмен арпалысты
Тауқыметті тағдырмен қақтығысты
Ер мінезді ерлерше қайраттанып
Қарсы жүзді толқынға, қатты ағысты
Кім білер алдағыны бөгетті асу
Маңдайдағы жазудан жоқ қой қашу
Талабың талпынысты,шыңға өрлеу
Болмасын ұрпақ өсіп енді жасу
Өнердің айқын жолы ашылғандай
Ұрпағыңмен бес қару асынғандай
Талаптыға нұр жауар-деген халық
Рахымды Алла қолдасын тосылғандай
Сахнада сайрасын үнің өктем
Жебесін көк тәңірі аспан көктен
Қыз болсаңда ұлға тән тектілігің
Алтын жатпас сандықта күткен көптен.

Ұлға тән ер мінезді дәлдеп қойған
Арманның текті ұрпағы қанат жайған
Өнердің өр шыңында қос жұртың тұр
Мақтаны бол намысты шығар ойдан..

**Доскейдін жұрағаты Айтбай ақын.
/айтыскер ақын Айтбай Жұмағұловқа/**

Бір сілкініп көңілім сейілгендей
Тілім келді шешендік сөзді өңдей
Кеңес дәуір азаптан құтылсақта
әліде керітартпалар келед сенбей

Бабасы екен Айтбайдың Доскей ақын
Тектінің тегінде бар негіз жақын
Сөйлетіп Абылайханның төре биін
Өлмес тұлға рухты Бұхар атын

Ел еңсесін көтерген Айтбай балам
Талабыңа нұр жаусын басқан қадам
Қазақтың ұмытылған тіл құдыретін
Бүгінде әуендетіп кетті далам

О,қазақ, сен тірілдің,бағың жанды
Ел іші қарсы алуда ақындарды
Жыр алаулап, көбейді айтыс ақын
Дүр сілкінді еліміз ақынжанды

Ақынжанды анамын ой тербеген
Білеміз тірідей бізді кім көмбеген
Тілімді дінімменен қоса улап
Жетпіс жылдық азапқа кім көнбеген

Көңілдің сөгілгендей кенересі
Жарқ еткен ұлылардың неменесі
Айтбай ақын түлетіп түлектерін
Жанданды ата мұра ел дәмесі

Кемшілік бетке айтылса ақын балам
Сермелсе өткір қылыш баспа қалам
Алла деп ұлылардың жолын баста
Тіл құдыретін түсінген нағыз адам.

Өлмес тұлға

(Ақын Доскей Әлімбайұлына-160 жыл)

Өткен ғасыр жыр дастан шежірелі
Мақтанышы ұрпақтың бүгінгі елі
Ұлы дарын ақынды ширықтырған
Бастан кешкен елінің қасірет шері.
Тауқыметін өмірдің жастай тартқан
Қасіретті жетімдік жанға батқан
Тағдырдың тәлкегімен ерте есейіп
Жарқылдап жалындаған сөзі оттан.
Зорлықпен зомбылыққа қарсы шықты
Езгісін зұлмат жылдар жастай ұқты
Қартайғанша ширыққан ақын жаны
Жасытпаған жігерін тұлға мықты.
15 жастан атанған Доскей ақын
Дүбірлі аламанда жазған тақым
Сармантай Мұрат рулы Байдәулеттен
Турашыл болған екен сөзі батым.
Жастығы жалындаған екпінді еді
Езілген елі үшін қайнап кегі
Аласапыран дүние жастығы өтіп
Кәріліктің 90 жас келді шебі.
Жамбылдай ақындардың Доскей бірі
Топ жарған айтыскерлік ақын ірі
«Әттең-ай 30-40 қайта келсең
Күй кешіп отырмас ем үйде тірі.»
Деп ақын тоқсанында аласұрған
Бәйге атындай суытып таң асырған
Тоқсан асып кетсе де күш қайраты
Із қалдырған ұрпаққа бір ғасырдан.
Топқа түссе семсерлі тілі қылыш
Туралаған шындықпен салған ұрыс
Майдандағы ерлерін қайрап салып
«Бір қадамда шегінбе, алға тырыс.»
Деп ұрандап ерлеріне дем берген
Тоқсанында жас жігітке тең келген
Жырлап өтті басы жерге тигенше
Қасіретті ел тағдырын сенделген.
Көтерген ел еңсесін соғыс жылда
Дем беріп еңбекші елге ауыр тылда
Қара алтынды байлығын Қарағанды
Ерлерін асқақтатып қосып жырға.
Ғасыр ғұмыр қарсы алды Жеңіс күнін
Дабылдатқан естіді Мәскеу үнін
Көкірегінен төгілді шаттық жыры
Ұмытпаңдар бұл күнді қалған тірің.
Деген ақын кегі қайтып масайрап
Советтік дәуір туды атойлап

Кеудесінде Орденін жарқыратқан
Жеңіс күнін кетті ақын бірге тойлап.
Міне бүгін ақын тойы айғағы
Өлмес тұлға сөзі қалған ойлағы
Тойыңыз тойға ұлассын Доскей ауылы
Жебей жүрсін ақын рухы баршаңызды тойдағы.

Сүйікті нағашымның баласына

Айтсам өткен тарихы таусылмайды
Нәубет жылдар быт-шыт ел өткен жайды
Айырылған бір-бірінен туыс туған
Шетел асып, мекендеп қырды жайлы
Қиялменен өткенді өре алмаймын
Бәрін талдап түсінік бере алмаймын
Менің анам адамның айтулысы еді
Есіме алсам сағынып қиялдаймын
Соғыс бітіп, қалған жұрт есін жиды
Алланың берері мол, берді сыйды
Қарағанды, Балқашта тұрақтаған
Туыс жалғап, түзеді көңіл-күйді
Тағдырдың талқысы көп жазудағы
Біреуге ерте, біреу кеш берер бағы
Күйзеліспен туысы елге оралып
Отау құрып таныс ел бауырдағы
Сәйкестіріп ат қойды Тәңірберген
Әкенің тұяғы едің алғаш көрген
Пейілі кең сол кездің адамдары-ай
Бір-бірін мейрімімен адал сүйген
Салыстырып ойланам өткеніме
Өмірдің өтемі бар жеткеніңе
Бар мен жоқ, жақсы-жаман егіздеткен
Жазулы ғұмырыңмен шектелуде
Өткендерді сағынам асыл көзі
Әлі есімде айтатын анаң сөзі
Мандайымнан иіскеп, ұзақ құшып
Алтынымнан қалған көз деген сөзі
Мен сендерден іздеймін, сол сезімді
Есейгенде бағалат өзді өзінді
Ойлы сабыр, ақылдың кең сарайы
Келді кезең ойлантар дер кезінді
Мына заман қазіргі бәрі басқа
Құлқынсыз сөз жүрмейді құрбы досқа
Үлкен түйе өткелден таяқ жеген
Деген заман қаратпай кәрі-жасқа
Ескертпе кейінгіге бұл айтарым
Алланың өлшемінде бар қайтарым
Беріп тұр дәулет ырыс талаптыға

Болмасыншы астамдық тек қайтарым
Ұрпақ үшін айтылған ескертуім
Өмірден көргенім көп, ақыр буын
Сиқырлы өмір, ұрпақты адастырма
Жансыз адам «компьютер» келер буын
Білдірмейді өткенін уақыт шіркін
Шыр айналған дүние өтер бір күн
Төрт күл дүние Алланың құбылысы
Бәрі жеңіл Аллаға өзіндік күн
Нағыз жұртым нағашы баласына
Өткен кеткен із жатыр арасында
Үлкендердің ізгілік силастығы
Ұрпақтың жүрсін дедім санасында

VI бөлім
АРДАҚТЫ АСЫЛДАРЫМ

Ел есінде әркезде қырандары

(Балқантау ақындары: Тұрсын Жұмашев, Кәрім Сауғабаевтарға)

Жазулы құбылысқа бағынасың
Ой серік өткеніңді сағынасың
Елімнің қыршын кеткен қырандары
Себепші дерт «сынаққа» не қыласың
Қыз бұрымын ширатып өрім өрген
Ақындарды еске алам көзім көрген
Мұнар шалды Балқанның өр шыңдарын
Кеткелі сендер мәңгі туған жерден.
Сәні кетіп туған жер өрт шалғандай
Адам айтса нанғысыз, жұрт қалғандай
Тоғыз елдің торабын тоғыстырған
Рухы тозып бабалар қор болғандай.
Кәрім, Тұрсын «сынақтың» құрбандары
Ақындар еді самғаған жыр жолдары
Ерте аларын сезседе азапты дерт
Көз жұмғанша өшпеді жалындары.
Кәрім жырлап тау- тасын Едірей елін,
Әркімнің өзіне ыстық туған жерін
Ата қоныс, тау тасы сағынып тұр
Жазылмаған тарихы Мәди шерін
Ақындар жаралғандай елмен жерге
Жатпас тыныш рухыда ақыр демде
Самғап ұшпай жас қыран Тұрсын ақын
Қалды-ау, шіркін жазылмай қазба көмбе.
Ширыға жыр толғады ақыр демі
Самғай алмай қапыда қалды кегі
Тұрсын ақын арманы ақ қанат құс
Жіберген періштесін аспан көгі.
Қол жазба сағынышты періште атты
Қысқа ғұмыр тауқымет жазу қатты
Періштесі аз ғұмыр жалын атқан
Рухың ұшып көк тәңір күтіп жатты.
Тәнті болдым жас ақын жанып өшкен
Қасым келіп тұрғандай шықпай естен
Жаңбырдай жылы жауған нөсерлетіп
Жырың ағын суындай ойып тескен.
Елің түгіл жерінде құлазыды
Келеңсіз кезең басты құла дүзді
Ағып түскен жұлдыздың жарығындай
Қалды тек ел есінде жаны ізгі.

Ілдебайға арнау

Құрметтеген Ілдебай елдің ұлы
Ажалға арашашы шипа қолы
Ел есінде айтулы ізін жатыр
Кейінгілер үлгі етер еңбек жолы.
Жазулы ғұмырынан асырмады
Еңбекке адал, басқаға бас ұрмады
Деуші еді, даңқым менің еңбектегі
Халық берген абырой басымдағы.
Жаста болса бас болды, ел ағасы
Пір тұтты, туған жері, ел баласы
Ажалсызға дем беріп, күн-түн демей
Ел куә, еңбегіне жоқ таласы.
Ағайынның ұйтқысы еді, бас көтерер
Дәл бүгінде кім қалды сөз көтерер
Айтып болмас, орны толмас асылдар
Дәл сендерге баға жетпес өтелер.
Ерте есейіп өмірден ерте кеткен
Қасіреттің шеңгелі түпке жеткен
Ойсырады орының ағайынға
Кейінгіге ой салған тағдыр неткен.
Талайдың өтті өмірден асылдары
Айырылған боздағынан қасындағы
Болжаусыз бүгін барда ертең жоқсың
Тағдырдың талқысы көп тосын бәрі.
Еске алып қимастарды сағынғаным
Талқысына өмірдің бағынғаның
Желеп жебер риза боп өлі аруақ
Ұрпақтары немере, қыз-ұлдарын.
Ойымды жеткізе алман сөзбен шағын
Кеше ғана өткендей уақыт сағым
Жұмақтан орын берсін мәңгілікке
Сайрандатсын Бақида пейіш бағын.



***Өтіпті жиырма бес жыл сағынышпен
2012ж***

(жолдасым Ермекке арнау)

Естен кетпес жиырма бес жыл өткенде
Қасіреттер арқалатып жеткенде
Жалғыздықты сонда ғана сезіндім
Бақыт құсым мәңгі ұшып кеткенде.
Сол күндерім ұмытылмас бүгіндей
Көгімде рухың жүрме білінбей
Көтеріп ауыр жүкті қайыстырған
Қайрат бердім өз-өзіме бүгілмей.
Бөлек еді кісілігің ардағым
Қыршын кетіп, көре алмадың дер шағын
Қолымнан келсе егер өтер едім
Жете алмай кеткен барлық армандарын.
Бөгеттерге соғылып қайраңдадым
Жастықпен қысқа ғұмыр ойлатпадың
Сағынғанда іздедім өлең өріп
Алла ісіне аямас қайран қалдым.
Кәрілік түспе соңға, ерте әлі
Астым жаңа жетпістен болмас кәрі
Қыршын кеткен ғұмыры ұмытылмас
Ол аспаған асудан өтем әрі.
Жиырма бес жыл өтіпті жыл аралап
Жылжып келем ілгері, жар жағалап
Сен аспаған асудан асып келем
Менде барам өзіңе ел аралап.

Қара тасты жібіткен Ана мейір.
(Зәуре апамның рухына арнаймын)

Толқысаң шежірелі жыр әлемі
Табиғаттың сұлулық сыры әдемі
Өлеңіндей Абайдың «Жазғытұры»
Ол кездің көз тартатын жер бәдені

Өлеңдерін жаттадық Абай жазған
Жер сұлулық бүгін жоқ, мүлде тозған
Ата жұрты тараған шежірелі
Сарыарқада із жатыр тарих созған

Соның бірі Қазыбек би киелі елі
Қу өңірі Тәттімбет, Мәди жері
Қоянды жәрменкесін әлем танып
Бас қосқан дүлдүлдермен ақын, сері

Ата мекен Арқалық өңірлі алқап
Өткенін айтсаң аңыз тыңдап байқап
Бөктерлі оң қанаты рулы Үсен
Байлығын үріп ішкен қолмен шайқап

Сөз қозғаған ата жұрт келіні едім
Ойламадық жастықта ата тегін
Сарапқа сап ойланам өткеніме
Өткізіп ап мағнасыз өмір көбін

Ата қоныс араладым белесін
Кең жайлаулы қыстау асар дөңесін
Шөп көмкерген дөңестенген ата жұрт
Ой саларға ұрпақ үшін демесін

Табиғаты тал қарағай бұлақты
Қарақаты бүлдірген, жері шүйгін құрақты
Әсем сұлу айрылған бар көркінен
Құлазыған, еліде жоқ тұрақты

Тегін білмей қазақтан кім өлмеді
Қазна қалды ашылмай, жер көмбені
Өттең ғана кезінде бір ұл туса
Үзер еді байлаулы ат кермені

Қиялдаймын кезінен өтіп кеткен
Бағынған үлкеніне тәртіп неткен
Ұлыларын қозғайтын дерегім жоқ

Ананы айтам Ұлпандай кезінде өткен
Атамның үш апасы ерекше еді
Ойламаған келін деп мені тегі
Ең үлкені Зәуре апа ер мінезді
Бойы толған нұр шуақ,мейрім лебі

Ер мінезді қыз екен Ұлпандайын
Кезінде өткен өмірін баяндайын
Жалғыз ұл,бай келіні болған кезде
Біліппе тауқыметті қасірет жайын

Конфескелеп байларды талқан етті
Жазықсыз жазалаған тағдыр нетті
Қуғындаған байлармен «ішке түсіп»
Екі жұрттан айрылып өмір өтті

Қайраттыны жаратпас Алла тегін
Лаулап жүріп тапқан ед елдің шебін
Кебенек киген келеді деген рас
Іліккен ел шетіне кимей кебін

Жол серік ілестірді жетім бала
Оныда адастырған тағдыр нала
Сағалаған жетімді бала етіп
Ананың өмір жолын енді қара

Бір жетім момын жанмен үйлеседі
Ер мінезді батыл жас,қыз кешегі
Сынамаққа жаздыма ,сүйген құлын
Жетімдерді жеткізіп күн кешеді

Бермеген кіндігінен бала ұрпақ
Жетімнен жарқырады көңіл шырқап
Алғашқы немересін баурына сап
Мейрімді ана басына қондырды бақ

Келгенінше бес жасқа емізді емшек
Алпыс екі тамыры иген,сенсек
Еміренген ет жүрек туғанындай
Жан жараның емшісі мейрім емсек

Көп күтті туғандардан хат хабарды
Тірі болса түбі бір кеп қаларды
Деген үміт күттірді сағынышпен
Туыс бірге қайтседе бір табарды

Адасқандар сұрау сап,іздеп бақты
Ертегідей тыңдадық өткен шақты
Ел аралап ай жүріп,ат арбамен

Әмин аға туысын іздеп тапты
Тұрақтапты Зәуресі орыс жері
Құралған түрлі ұлттан орыс көбі
Туысың іздеп кепті дегенді естіп
Аңырап ана төгілді ішкі шері

Табысты іздестіріп туыс бауыр
Қатысып, хабарласу кезі ауыр
Сол кезде шошындырған хабар жетіп
Айырды естен соққандай дүлей дауыл

Шалды тағы қасырет аяғынан
Ажал құшқан бауыры жәй оғынан
Тізгін ұстап, елінде бас көтерген
Жанбай жатып өшу сол баяғыдан

Бауырынан үш бала тұяқ қалды
Кім көнбеген жан бөлек, шықпас жанды
Бала жетім, жар жесір, қалды артта
Аяусыз тағдыр жазып, алла салды.

Көз жетті, өлген қайтып келмесіне
Жүрексініп сөйледі, сөз шешіле
Жеткізе алмай салмақты ой желісін
Анаға қасірет ауыр, түсті есіне

Толғанды ауыр сәтте бауыр жайын
Зар мұңын үй ішінің көрген сайын
Елжіреген ет жүрек қобалжулы
Айлап жатып бекінді іске дайын

Жазудағы алла ісі шек келтірме
Ағайынның ортасы елмен бірге
Сағынышым басылмай жалғыз қалдым
Бауырымның бірін бер тірі өлтірме

Деп ана айтты өмірін ауыр жылдан
Жамалдыма деп едім көңіл сынған
Қызда болса бойында тектілік бар
Өз жұртымды жеткізсем бауыр ұлдан

Ағайындар көндірген кеңес беріп
Үлкен айтса болмаған кішіде ерік
Он жаста кеткен бала, ордалы отау
Өсті ұрпақ немере соңына еріп

Бауырлары қатарлы үй, келді елге
Құдалары туыстай келді бірге
Орыс, қазақ әжелеп хан көтеріп

Құрметтеген ананы кетер күнде

Жаны жомарт мейрімді даналығы
Тумағанға туғандай аналығы
Тіршілік байлық көзін үйреткенде
Білім берген ұстаздай жаңалығы

Жетім жанды жар етіп құрметтеді
Жетегіммен әйтеурі еңбектеді
Деп шалын бастан сипап күлдіретін
Түспей қалған түсік қой жөргектегі

Дегенде шалы қоса күлуші еді
Өте момын жан болды,жуас тегі
Оқыс кетіп апамыз, шал еңіреп
Қалай өмір сүремін енді деді

Жаны жаз,таңғы шуақ күн күлгендей
Сездірмеген өткенін біз білгендей
Жеңе білген қайғыны,өр мінезің
Жан ұяңа ырыспен бақ кіргендей

Тағдырдың тауқыметін сездірмеген
Сыр ашпадың тауқымет біз білмеген
Азапты өмір қайтарып өтеуімен
Қара тасты жібіттің мейіріміңмен

Асыл ана таусылмас өнегесі
Ұрпақ жайды бұл күнде немересі
Атаулы есіміңді ұмытпаймыз
Рухың биік тұрғандай көк төбесі

Ақ сүт емген ақ шашты Майрасы бар
Әлі әжесін рухты медет қылар
Бәрі кетті өмірден жақсы жайсаң
Рухыңа бас ием биік шынар.

VII бөлім
МЕРЕКЕЛІ КҮНДЕР ӘУЕНДЕРІ

Қос мерейлі - жеңіс той, Ата заңым

Ел есінде ұмытылмас 65 жыл бұрынғы
Ел басқарды шала сауат ұғымды
Ана-бала көрген азап қасірет
Аз болғандай соғыс алды сүйгеніңмен ұлыңды.
Қара қағаз келіп жатты күн салмай
Аждаһадай келді соғыс тек жалмай
Әйелдермен бала-шаға арқалаған ауыр жүк
Тылдағы ел еңбек етті жан қармай.
Өшпес таңба қалдырды соғыс жалмап
Бұл да Алла ісі ме салған салмақ
Ұмыттырып өлімді жігерлі ұран
Тек жеңіспен оралып елге бармақ.
Ажал құшты еліне оралмады
Рухы көкте қалықтап қалды арманы
Асыл ерлер қан кешкен Отан үшін
Бас иейік ерлерге ел тарланы.
Жыр шалқыды соғыс жылдан естелік
Қарша борап дастан- жырлар еңсеріп
Бауыржан, Әлия мен Мәншүк аты
Нұр боп жауды жыр өлкеге дестелік.
Төгілген қызыл қанмен жеңіс келді
Сілкіндірді мұң басқан қалың елді
Ұлы Жеңіс оятып ұлт намысын
Қазақпыз!-деп Желтоқсан толқыны енді.
Біз қазақ!-деп жастарым жалындады
Намыс оты лаулады қанындағы
Қыршын кеткен қаһарман ұл-қыздарым
Тәуелсіздік сендерсіз алынбады.
Желбіреді көгіңде көк байрағың
Орда шаңырақ, қыран құсы айбарың
Қазақстан ұлтыңның өр тұлғасы
Қалған «үш жүз» бабадан сөз қаймағың
Елбасының жолдауы ел мерейі
Даму барыс, мол табыс, іс деңгейі
Заңымен 15 жылдық мерейлі той
Шешім тапты, елімнің мол кеңейі.
Мен туған жыл қанды соғыс басталған
Қасіретімен қызығы егіз, тең жалған
Қос жеңіс құтты болсын ел мерейі
Тәуелсіздік болашаққа жол салған.

Көктем келді-қыз күліп

Көктем келді шуақты қыз күнімен
Жұптасып бар тіршілік бір-бірімен
Адамзаттың «Хауа ана» ұлы анасы
Сөйлетіп әрбір ұлтты өз тілімен.
Бүгінде қыздарымыз зор білімді
Меңгерді ермен теңдес бар ілімді
Кешегі Зере, Ұлжан аналардай
Ұлағатты аналар жүр бүгінгі.
Қыз- келіндер, аналар мерекеңмен
Төрт құбылаң тең түскен терезең тең
Еңбектерің жемісті, дендерің сау
Берсін бақыт ырзықты пейілі кең.
Қыздарым көрікті бол, көктем гүлдей
Нұрлы бол ашық аспан айлы түндей
Баршаңызға тілерім, бақытты өмір
Сақтасын жат қылықты дұшпан кірмей.
Біз бүгінде бақытты аналар-ау,
Байрағымыз төбеңде желпіп баяу
Саналы ұрпақ өсірсек, елім тыныш
Енді аналар тарпасын ешбір қаяу.
Тіршіліктің иесі Ана ғана
Теңеу жетпес анаға, бермес баға
Құттықтаймын аналар күніменен
Қол жеткізген теңдікке Отан Ана.



Доскейде шалқып саз үні (музыка мектебінің 10 жылдығына)

Ашылғанда саз мектеп куә болдым
Кедергілі жетімсіз қысқа қолдың
Күш салып Борекең мен Асхат Әли
Ірге тасын қалаған ізгі жолдың
Бүгінде саз мектебі мақтаны ауыл

Талай жылды өткерді қиын ауыр
Құдіретті бабалар рухы демеп
Түрлі аспапта ән шалқып, жалын дауыл
Түлеп ұшты дарынды талай түлек
Бастау болды игі сіке үлкен жүрек
Шыңдап жатқан білімін қалаларда
Ел мақтаны түлектер сөзге тірек.
Аспап үнін ұқтырған ұстаз маман
Өнердің өрісі кең, ортақ қадам
Ордалы отау болған мерейлі жыл
Саз құдіретін ұқтырған нағыз адам.
Білім шыңдап көбейсін дарын ие
Құдіретті домбыра шекті кие
Жұртшылыққа танылған саз әуенге
Тәнті жанның бірімін басымдие ие.

Барыс жылы- айбарлы

Ұлыс күн жылдың басы Наурыз көктем
Тастап кет ескі жылға болса өкпең
Атыңа сай ала кел ел ырысын
Жер ананы идіріп, Абыз көктем.
Наурыз көктеп, шуақ төккен-ұлыс күн.
Уақыт өлшем, теңестірген күн мен түн.
Әр жылмен ерекшелік табыс күткен
Барыс жыл-міндеттер көп, жауапты сын.
Төрге жайлан ұлысым-Барыс қожа
Жылдан жылға өрлейік табыс оза
Көгім күліп, жер иіп, ел сусындап
Елім сенген әділдік болсын таза.
Ел символы-Барысым-төрлет төрге
Тоқыраудан тоқтатпай шықшы өрге
Ел басшысы жолдауын-елім қолдап
Игілікті ұлы істі қолда сенде.
Барыс жылым айбарлы сенім артқан
Деп тұрғандай «Ел символ» Ордам сақтан!
Мүдірмейік әлемдік тоқыраудан
Ерекшелік елімде болсын мақтан!

Жыр- шежіре қарттардың өткен күні (қарттар күніне)

Армысыздар ардақты үлкендерім,
Өткендерің өтеліп, гүлденді елім
Тауқыметті ауыр жыл ел есінде
Ұмыттырған болашақ игі сенім
Жаңарып жаңа ғасыр көтергендей
Кеткен келіп, кемтігі өтелгендей

Тұлғаң биік, Қарттарым ұлағатты
Жол ашып жаңа өмірге әкелгендей.
Қарттарым-ау, қайратты көпті көрген
Із басар ұрпағың бар өсіп-өнген
Ізгі жандар көш бастар ел ішінде
Тәрбиен бар мақтанар өзің берген.
Құтты болсын мерейлі қарттар күні!
Марапатты қарттардың ерекше үні
Тәуелсіздік 20 жыл жетістігі
Қарттарға қамқорлығы соның бірі.
Тәуелсіздік 20 жыл Егеменді
Өлмес із, ұлағат сөз санаға енді.
Қарттарымның өмірі көне тарих
Бүгінде ардагерлер алды төрді.
Қарттардың өткен күні жыр-шежіре
Ізгіліктің шынжыр кілті өзінде
Қарты бардың бірлігі мен тірлігі
Болған ырзық несібелі, бақ дәулетті кезінде.
Уақыт кем зымыраған теңізде
Мәңгі тұрмас ғұмыр берген егізде
Қалған ғұмыр қарттарыңды аялау
Ұрпақтарға үлкен сауап негізде.
Қарттарым бейнет көрме қалған ғұмыр
Бәрің көксер пендеміз басы жұмыр
Бала-шаға ұрпақтар аман болып,
Ел байлығы тыныштық, басты ғұмыр.

Жылдың басы-Жылан 2013

Құтты болсын Ұлыстың ұлы күні
Жанданған құбылыстар, тірлік үні
Күнмен түнді теңестірген Ұлыс күн
Дүр сілкінген Жер ана шуақ күні
Ұлысым айқара есік ашайын
Қарсы алып, жырдан шашу шашайын
Мол байлығын ел ырзығын ала кел
Төкпей шашпай, үлесімді қосайын
Қош келіпсің, жылдың басы ұлысым
Сеніменен ашылғандай тынысым
Ақ сүт-дария, егіндіктер жайқалып
Асқақтатшы елдің дәулет ырысын
Бабалар жобалаған жылдың басын
Бұл айда мерейлі той болған басым
Көктеммен гүлдей жайнап аналарым
Дегендей көктем күнін ұлықтасын
Қазақстан ұлы дәуір қыраны
Әлем танып, мәңгілікке ұраны
Жыл құбылыс кедергіні келтірме
Мейірімің төк, ұлыс жылдың-Жыланы.

VIII бөлім
СӨЙЛЕСЕ ЕКЕН ӨЗ ТІЛІМ

Тірілмейік тілімді

Қайран тілім қалай ғана қиылған
Тіл қылышы топ жаратын жиыннан
Ата-бабам дәл осылай боларын
Ерте болжап ұрпақ үшін сиынған.
Тілім әзер тәй-тәй басып келеді.
Тілсіз қазақ мылқау болып өледі.
Есеңгіреп сең соқтырған сал ауру
Керек әлі шипагердің көмегі.
Қолға алуда мемлекеттік тілімді
Салт-дәстүрлі имандылық дінімді
Қайран қазақ өліп барып тірілген
Өз тілімді аңсап келдім бүгінгі
Енді қақсау неге керек намысты ер
Елің күйрек, күңіренген қара жер
Зұлымдықтың зіл заласын өткердің
Енді қазақ өз-өзіңе қазба көр
Өзін-өзі менсінбейтін пасықтар
Сылтау айтып өз ұлтынан қашықтар
Бас ауыртпас дін мен тілі сатылса
Түсіп жатса алшысынан асықтар
Бас кесседе тіл кеспеген төрелік
Тіл құдіреті шешкен дауды ара жік
70 жылдай үнің өшіп тұншыққан
Енді тілмен дінге ерік берелік
Тіл сайраса білді қазақ өлерін
Тұқымымен көрешегін көрерін
Тілі қанжар намысты ерін өлтірген
Кім біліпті «Халық жауға» теңерін.
Тәуелсіздік желбіреді Көк байрақ
Түндігіңді айқара ашты тіл сайрап
Қанатында қыран құстың самғаған
Қазақ ұлы Елбасымыз елді ойлап.

Өз тілінде өмірдің ләззат дәмі

Мемлекеттік тіліңді әлем білген
Өз ішінде пасықтар, болды күлген
70 жыл құрсауланған темір торда
Қазақ үшін сойқанды болды дүрбең
Қазақ елі мың өліп, мың тірілді
Оң мен солын біле алмай, көп сүрінді
Келекшек ұрпақ үшін жан тазарып
Тілің құрал, қолдашы, бір-біріңді!
Оралған тілім биыл -20жылдық
Қолдауымен Елбасы заңға кірдік
Тұғырлы үш тіл даму ел бірлігі
Тілім екен- көш соңы неткен сұмдық

Өз тілінде өмірдің ләззат дәмі
Дінім, тілім, дәстүрім қазақ сәні
Тілім терең құпиялы сескендірер
Межесіне жете алмай келеді әлі.
Екі қазақ сөйлесе, орыс тілі
Сөкпес ем басқа ұлт болса оның бірі
20 жыл аз болғандай өзінді алдап
Қазақ болған түріміз бүгін міне
 Уақыт жетті өз тілің еркін сөйлер
 Намысты азаматтар басшы, дәйлер
 Атына сай болса екен Қазақстан
 Кемшілігін білмесін көрші елдер.
Қазақ тілі киелі асыл мұра
Білсеңде деп жүрсің-ау,әлі шыда
Шыдамныңда шегі бар, тілім қанжар
Мәңгірттікке-20 жыл сауға сұра.
 Тәуелсіздік ел болды қазақ елі
 Қызықтырған Сарыарқа байтақ жері
 Кесірлі 70 жылды ұмытайық
 Кетпейікші ағайын енді кері.

Мен де жырлап көрейін Бұқардайын...

Есенбісіз, ағайын !
Туыс-туған маңайың,
Бұқар баба келгендей
Толқыты ойдың талайын.
Ал, тыңдаңдар ағайын,
Көңіліңді табайын.
Бұқардайын бұрқырап
Бәйге атындай шабайын.
Мына отырған халқыма,
Жеткізіп мақтан талайын.
Еркіндікте еліміз,
Кең жазира жеріміз
Әлемге таңдай қақтырып
Қарсы алуда төріміз.
Зардап шеккен 40 жыл
Жабылды «палигон» көріміз
Тәуелсіздік 20 жыл
Тойлап жатыр еліміз.
Астананың күмбезді,
Бәйтерегін көріңіз.
Ақ орда сұлу келбеті
Астаналық төріміз
Ынтымақты бірлігі
Мәңгілік деп сеніңіз
Көп ұлтты халық достығы

Мызғымас берік еліміз
Шет ел асқан бауырды
Қайтарып алды жеріміз
Сайысқа түсіп шарлаған
Қыз-ұлымды көріңіз
Алтын, күміс, қоланы
Тек біздерге беріңіз
Дегендейін жарыста
Лондонда өткен дүбірде
Төбеміз көкке жетпеді
Өлшемді екі-ақ еліңіз
Елбасының жолдауын
Жылма-жыл істен көріңіз
Іскерлігін паш еткен
Асқақтап тұр еліміз.
Айналды аудан қалаға
Айтуға келмес сеніңіз
Мәдени сала өсуде
Құлпырды ауыл сәніміз
Компьютерлік жобаны
Меңгерді жас пен кәріңіз
Көк байрағым желбіреп
Шырқалды Гимн әніміз
Тілімізді қайтарып
Қазағым қалды марқайып
Салт-дәстүрді негіздеп
Қолдау тапқан айталық
Әділдікпен дініме
Есігін ашты айқарып
Таза алтынның сабындай
Түзулікті айталық
Осы тұрған ауданым
Бүгінде тұр жайқалып
Қасқайып тұрған Бұқардың
Аталы сөзін байқалық.
Жаңалыққа жаршы боп,
Ел еңсесін көтеріп
Жырлап кеткен Бұқардай
Түйінділеп сөзімді
Қортындылап қайтайық.

Бұқарша тілек тілейін

Бабалар айтқан сөз басқа
Астамдық ойды жазбасқа
Бірінші тілер тілегім
Мәлтілдеп толма көз жасқа
Екінші тілеу намысым
Байқаймын өмір ағысын

Арбамасын азғындық
Күрессін ұрпақ бағы үшін.
Үшінші тілек астарлы
Сәтті қыл істі жоспарлы
Қызымды өсір қылықты
Біліммен шыңдап жастарды.
Төртінші тілеу жұптасқан
Бірлік, Сенім топтасқан
Ұлың өссін ұлықты
Өмірге әділ нық басқан.
Бесінші тілеу ел-жұртым
Сақтай гөр жаудан ел сыртын
Сенімді бірлік нығайтып
Бұзбаса екен ел шырқын.
Алтыншы тілек Ақ ордам
Тынысты жүрек, ел қорған
От шашпасын сұқ көздер
Сыртыңнан аңдып торыған
Жетінші тілек әділдік
Тудырма Алла ара жік
Құл болған құлқын пендесі
Әділдік алдында тізе бүк.
Тіледім жайын адамзат
Жолатпасын пиғыл жат
Сегізінші түзулік
Саналы өссін жұрағат.
Тоғызыншы тілек толқыдым
Орнын тауып олқының
Айқын болсын болашақ
Тілегі осы халқының.
Оныншы ойдың жүйесі
Аталы сөздің иесі
Ізгілікке бастасын
Жаманның жұқпай күйесі.
Он бірінші тілек соңында
Алланың бәрі қолында
Құлқыныңды құл етпе
Абырой сатып жолына.
Сезім берген жүрекке
Күш қайратың білекте
Ойланатын ми беріп
Басқар деді өзінді
12 мүше сүйекке
Қыз-ұл берді жаратқан
Шықсын деп пендем талаптан
Аздырған өзін қыз-ұлды
Шайқатып шаңырақ баратқан
Кінәліміз өзіміз
Аллаға бет жоқ қаратқан

Алла бәрін бергенді
Пендесіне сенгенді
Жемісті өскен бәйтерек
Тамыр жайып өнгенді
Лаулатып жақсаң отыңды
Көрдің бе өз-өзінен сөнгенді
Имандылық, ізгілік
Мойындайтын кез келді
Алланы да қажытып
Өзімізге сөз келді.
Тілеп кеткен бабалар
Тілектері өзгерді
Ақылдың кені даналық
Соны Алла жөн көрді.
Қазіргі заман бір басқа
Соғылған маңдай сан тасқа
Қайырым ет жасаған
Кектеніп бізге, жол тоспа.
Кемеңгер жасқа келгенде
Алды-артыңа қараңдар.
Мақсатқа жету ұрпаққа
Себепші сендер бағамдар
Алланы етсек ырзалық
Ел алдында бағаң бар
Айта берсең таусылмас
Заман емес жамандар
Адамзат өзін өзгертсе
Түзеттірер шамаң бар.
Бүгінгі кеткен кемшілік
Астамдық дейтін тобам бар

Бұқарша тілек тілейін (екінші түрі)

О, жарандар, жарандар
Құлақ салып қараңдар
Бұқардайын жырлатқан
Тілектерді санандар.
 Бабалар айтқан сөз басқа
 Астамдық ойды жазбасқа
 Бірінші тілер тілегім
 Мөлтілдеп толма көз жасқа.
Екінші тілек намысым
Байқаймын өмір ағысын
Арбамасын азғындық
Күрессін ұрпақ бағы үшін.
 Үшінші тілек астарлы
 Сәтті қыл істі жоспарлы
 Қызымды өсір қылықты

Біліммен шындап жастарды.
Төртінші тілек жұптасқан
Ынтымақ бірлік топтасқан
Ұлың өссін ұлықты
Өмірге әділ нық басқан.
Бесінші тілек ел жұртым
Сақтай гөр жаудан ел сыртын
Сенімді бірлік нығайып
Бұзбаса екен ел шырқын
Алтыншы тілек әліде
Тереңдей берер әріге
Ұрпағыма сана бер
Қамқорлық етер кәріге.
Жетінші тілек әділдік
Тудырма алла ара жік
Білместікті кешіріп
Пендеге салма ауыр жүк.
Сегізінші тілек кешірім
Ұмытпа Алла есімін
Еліктірген заманда
Түзей гөр ұрпақ бесігін.
Тоғызыншы тілек толқыдым
Орнын тауып олқының
Айқында болсын болашақ
Тілегі осы халқыңның.
Оныншы ойдың жүйесі
Аталы сөздің иесі
Ізгілікке бастасын
Жамандық жұқпай күйесі.
Онбірінші тілек оңында
Алланың бәрі қолында
Құлқыныңды құл етпе
Аброй сатып жолына
12-ші тілек өтімді
Дүние толып жетілді
Ар –намысы тапталған
Көбейтпе Алла жетімді.
13-тілек түйіле
Қорланып айтам күйіне
Қартайғанда кемпір- шал
Мұңайтпа кәрілер үйінде.

Кеменгер жасқа келгенде
Алды-артыңа қараңдар
Бастау жолы ізгілік
Себепші сендер бағамдар.
Қыз ұл берді жаратқан
Шықсын деп пенде талаптан
Кім кінәлі қыз ұлға

Келеңсіздік таратқан
Кінәліміз өзіміз
Аллаға бет жоқ қаратқан
Алла бәрін бергенді
Пендесіне сенгенді
Жемісті өскен бәйтерек
Тамыр жайып өнгенді
Лаулатып жақсаң отыңды
Көрдің бе өз-өзінен сөнгенді
Имандылық ізгілік
Мойындайтын кез келді
Алланы да қажытып
Өзімізге сөз келді.
Тілеп кеткен бабалар
Тілектері өзгерді
Ақылдың кені даналық
Соны Алла жөн көрді.
Алланы етсек ырзалық
Ел алдында бағаң бар
Айта берсек таусылмас
Заман емес жамандар
Адамзат өзін өзгертсе
Түзеттірер шамаң бар
Бүгінгі кеткен кемшілік
Астамдық дейтін тобам бар
Тілекке ортақ бәріміз
Әдептен озған халымыз
Толғандырар даналық
Бұқардай қайда кәріміз.

IX бөлім

ТӘУЕЛСІЗДІК ҰЛТЫМНЫҢ АР –НАМЫСЫ.

Елім нұрлы Қазақстан!

сөзі: М.Жұмашеванікі

әні: Қ.Мерсалимовтікі

С салтанатты Елім-нің нұры та- соң,
Ме-ре-йі ұс- тем а- соң,
Қым-бе- зін-де мұ- қа- рың- нан,
Бо-ла- шақ нұ- рын ша - мын,
Кө-ін- де сам- зан ұш- қан,
кө-гер-шін бей- біт күс- там,
Ә-лем-ге сә-лем жақ-да- зам,
ын-ты-мағ е-лім қа-зақ- стан!
ын-ты-мағ е-лім қа-зақ- стан!

2. Сайрады тілім ортақ
Әр ұлтпен тіл табысқан
Әлемге әйгіленген
Тәуелсіз Қазақстан.

3. Бірлігім сом құрыштан
Қиындық кетті тарқап
Сарыарқа көз тіктірген
Қазыналы алтын алқап

Мектебiм – алтын бесiгiм

сөзi: М.Жұмашеванiкi

әнi: Қ.Мерсалимовтiкi

Cm Cm Fm B

Мек-те-бiм ал-тын ұ-ям, ұс-таз-да-рым Кө-зiм -дi(а)шып бi лiм -нiң бер-ген нә

11 E♭ A♭ Dm^{7(b5)} G⁷ Cm Fm A♭⁷

рiң. — Ұ-лы жол - га ат-та-нып бiз ба-ра-мыз Тү-леп ұш-қан тү-лек-тер,

22 G⁷ Cm Fm G⁷

жас-тық жа- лын. Мек-те-бiм ал-тын бе- сi -гiм, ө-мiр-дiң аш-тың бе - сi

32 Cm 1 A♭⁷ Fm G⁷ Cm 2. A♭⁷

гiн. Ақ-тай-мыз ұс-таз ең - бе гiн, Бi-лiм-меншiың-дап кә-сi - бiн. Ақ-тай-мыз

42 Fm G⁷ Cm

ұс-таз аң-бе - гiн, бi-лiм-меншiың-дап кә-сi - бiн.

2. Мектебiнмен қоштасу қиын бiр сәт,
Болжаусыз өмiр алда бiздерге жат.
Сыныптас құрбыларға сәттi сапар,
Қазақстан елiнiң таңы боп ат.

3. Ұстаздарым атқарған ауыр еңбек,
Бiздер үшiн қажымай бiлiм бермек.
Ұстаздарға тiлерiм шын жүректен,
Ғұмыр берсiн, денсаулық, қызық дәулет

Қара шаңырақ Қарағанды.

әні.Қ Мерсалимовтікі. сөзі М.Жумашеванікі.

Салтанатты Cm B Eb

4 Fm B7 Eb G7 Cm

7 Gm Fm Ab7 G7

10 Cm B E7 Fm B7 Eb G7

14 Cm Gm Fm Ab7 G7

18 Cm Fm B E

22 Bm C7 Fm Ab7 G7

26 Cm Fm B E

30 A Dm7(b5) G7 Cm

36

Ка ра - ган - ды қа - ра (ал) тын - ды қой - на - уы, Сары - ар -
қа - да кең жа - зи - ра жай - ла - уы. Құ рыш - бо - лат бал - қы - тып Те - мір - та
уы, От а - ғыз - ған Дом - на пең - тің қай - на - уы. Ұ - лы
дәу - ір өр - кен жай - ды бү - гін - гі, өн - ді - ріс - тер - ең - бек қы зу - дү - бі - рі. О - тан
үш - ін Қа - зақ е - лі "Ал - ға" деп Ел - ба - сы - ның ең - бек жо лы ел (ге) ұл - гі.
Ка - ра ша - ңы рақ - ға - сы - рым, Даң - қың - ды бү - гін а - сыр - дың.
Ба - ба - лар сал - ған са - ра жол, Із - де - рі қал - ған а - сыл - дың.
Ка - ра - ган ды бай қа - ла! Гүл - де - ніп тұр жай - қа - ла!
Бо - ла - шақ - қа ат - та - нып Е - сі - гіе аш қан ай - қа - ра. 2 Ор - да

2. Ордалы отау, көркейіп өскен қалам
Басынан не өтпеген ұлы далам
Ұлылар ірге тасын қалап кеткен
Түбі бірге түбінде Қазақ болам
Жайылған кең тынысты алып қала
Ордасы кебеюде білім сала
Ұлт аралық ынтымақ достығымыз
Жеткізген - бар байлыққа бірлік қана

Айбынды елім

Тәуелсіздік Егемен алдық ерік
Көп ұлтты ынтымақты елміз берік
Сомдаған ұлы тұлға бәйтерегі
Елбасымыз Нұрсұлтан антқа берік!
Қайта ұстады ел тізгінін сеніммен
Тәуелсіздік келгені жоқ тегіннен
Боздақтары қыршын кеткен намысты
Елі үшін қаны судай төгілген.
Көршілес ел қызыққан ісімізге
Халық сенді бірлік пен күшімізге
Желбіреді төбеңде өз жалауың
Мына өмір кірмеген түсімізге.
Тәуелсіз жыл атқарған жетістігі
Әлемді бас идіріп болды үлгі.
Желтоқсанның толқыны тоқыратқан
Адам айтса нанғысыз іс бүгінгі.
Мақтаны көп жас мемлекет елімде
Ақын-жырау Астананың төрінде.
Саммит өтіп, Азиада қысқы ойын
Астанада өту даңқы тегін бе.
Өзгерді кеңес дәуір жүйелері
Қазақстан Тәуелсіз киелі елі
Хан шаһардай дін орда Астанада
Бас қосқан әр ұлт дін иелері.
Теңелуде ауыл менен қаламыз
Өркендеуде ғылым-білім саламыз.
Ұлт рухы- дін мен тіл, дәстүр салтта
Оянса егер еріктіміз намыс пенен санамыз.
Жүз жылдық іс атқарған 20 жылда,
Кім таң қалмас жылдамдық өсу шыңға.
Қол жеткізер 50 ел қатарына,
Айтарлықтай біздің ел айқын тұлға.
Жинақтап ауыл-қала жер тұрағын,
Жоспарлы «Жол картасы» ел сұрағын.
Кеткен келіп, кемдік толып өрлеуде
Дүр сілкіндіре түргізіп ел құлағын.
Туған қазақ намысты-Алаш ұлы
Алаш болып жаратылған Алла құлы
Айбынды Ақ Ордалы-Нұрлы Астана
Ері нұрлы айбарлы- Алаш сыры.

Оятқан Астананың шапағаты

Астананы бүгінде әлем танып
Жас жалыны нұр шашып ұшқынданып
Алаштың ар намысын бірге оятқан
Астананың құрдасы қазақ халық
Қайта туған қазақпын Астанамен
Теңеліп ой өрісім жас баламен
Астана Ақ Орданың алып күші
Менде қатар келемін жас қаламен
Тілі шықты, еркін сөйлеу дәстүрім
Ұрандап тұр қазағымның достығын
Ала келіп Астанаға қазақтың
Қайта айналған ар намысты жастығын
Тойлы елім Астананың күнімен
Төгілді жыр әсем әуен үнімен
Қазақстан ғасыр тарих, дастан жыр
Көрініп тұр «көк байрақта» төрінен
Ойымды өрдім Астананың күнімен
Көкейден жыр төгілдірер бірі мен
Жас қаланың сұлу көркі көз тартқан
Сақта Алла сұқты көздің бірінен
Тәуелсіз ел ордасы Астанасы
Қазақстан жүрегі жас қаласы
Жастығымен жалыны лаулай берсін
Бастауымен Елбасы бастамасы

Жарқыраған жұлдызды ел

Ризалықтан кәрі жүрек мақтанған
Бақыттымыз 70 жылдан ақталған
Қайран баба жете алмаған арманы
Ізсіздерді тапқандаймыз жоқталған.
Егеменді еліміздің шырқап әнін
Қарсы алуда еліміз аппақ таңын
Алаштың ер намысты ұлы барда
Ел еңселі, ұрпақтар жанды бағың.
Елі үшін қыршын кеткен жастарым
Кімдер білді, қанды қырғын жоспарын
Құрбандары желтоқсанның Қайрат, Ләззат
Қанмен жазған Тәуелсіздік дастанын.
Көп тілегі Тәуелсіз ел баталы
Тұлғалардың ізімен сөз аталы
Ерекшелеп ұлтымды айқындауда
Өсті бүгін 50 елдің қатары.
Көзін ашты еркіндікпен табыстың
Дүбіріндей қиқулаған шабыстың
Төрткүл дүние дөңгеленіп жөнелді
Табыс теңіз толқынындай ағыстың.

Міне, биыл содан бері 20 жыл
Ақ ордалы табыс байлық көзі пұл.
Әлем танып, жарқыратқан жұлдызын
Намысты Елбасымыз-жұлдызды ұл
Жылдар жылжып асқақтасын мәңгілік
Болмасыншы кері тартпа жат қылық
Атына сай әйгілі Қазақстан
Тұрса мәңгі баба ізі жаңғырып.

X бөлім

Өлең жүр сыңарына әуен іздеп...

Егіздеткен дүние

Егіздеткен дүние өмір қымбат
Шексіз бір дүние ғой, бәрі жұмбақ
Өмірдегі мәңгі ізін, жарық дүние
Шектеулі ғұмырыңда, өмір тұрмақ.
Шыр еткенде келіппіз, өмірге ие
Өмірге келу –кету егіз дүние
Өмір-өзен әлемнің тіршілігі
Уақыттың перзентіміз тірлікке ие.

ҚАЙЫРМАСЫ: Өмір өткен, ғажап неткен
 Жоқ екен шегіне өмір ешкім жеткен.
 Өмір қымбат, келем жырлап
 Жоқ екен, ғұмыр шіркін мәңгі тұрмақ

Өмірге аманат көп, уағыз еткен
Пайғамбардан сөзі Алла, Құран жеткен
Егіздеткен дүние бастаулары
Адам Ата, Хауа Ана, жер мен көктен
Өмір шексіз, ой жетпес қиялдағы
Жақсы-жаман өмірдің салған дағы
Жалғасатын ұрпақпен өмір шексіз
Өшпейтін өмір ізі ғасырдағы

Сағынышым жетер ме?

Түнгі түсім, сезім құсым аралап
Жетегінде жүрмін әлі жағалап
Ұмытылмай өткен күндер аяулым
Қиялыммен сағынышты саялап.
Шарқ ұрады, көңіл құсы сағыныш
Із қалдырған, жазудағы бағыныс
Сағым ба екен сағыныштың тұрағы
Жеткізбейтін жылдар ұзап асығыс

Қ-сы. Айналып жүр сағынышым
Айналып жүр бақыт құсым
Шарқ ұрады, шарқ ұрады сағынышым.

Сағынышты ұмытылмас өткенім
Аралаймын таумен тасын бөктердің
Шаршап келе жатқандаймын құла түз
Сағынышты ой қиялмен өткердім.
Сағынышты қиял қуып жетер ме?
Сағым қуған алдамшы өмір өтер ме?
Сені іздеумен шарқ ұрады көңілім
Жарық дүние өкіндірмеші кетерде.

Болашағым- ұстазым

Ұстаз деген ұлы атқа табынам
Сені ұшырған білім сая бағынан
Жетілдіріп қанатыңды қақтырып
Ұстаздарым жарылғандай ағынан
Алтын ұя аштым мектеп есігін
Қолға алып әріптердің кесімін
Ғұламалар болған емес ұстазсыз
Ұмытылмас ұстаздарым есімің.

Қайырмасы: Ұстаздарым-ұлы ғалым
 Болашаққа жол ашып, берген тәлім

Көзімді ашқан алтын ұя мектебім
Сенен түлеп, сенен гүлдеп көктедім
Біздер үшін болашаққа жол ашып
Тыным таппай ғұмырыңды шектедің.

XI бөлім
ПРОЗА БЕТТЕРІ

Үш дос

(көркем әңгіме)

Бірде Қайрат, Ақыл, Жүрек атты үш дос ұзақ жолға шығады. Жол бойында үшеуі өмірден көрген білгенін өздері атқарған істерін айтып келе жатқанда бір-бірінің атқарған істерінің ерекшелігіне таласып бір-бірімен ренжісіп қалады. Алдыңғы ауылдағы Ғылым атты досына жүгінбек болады. Ғылым досының алдына келіп, сәлемдескеннен кейін, келіспеушілік жағдайларына төрелік сұрап, Қайрат былай дейді. -Достым, осы өмірде менсіз атқарған іс, үйретуге күш, аллаға құлшылық ету үшін де менен ықпал болмаса, еріндей жалықпай ғибадат етуге, менің күш жігерім керек емес пе, дүние байлық өнер мен мансапқа қол жеткізу, азғындап адасқан жолдан қайрымдылық жасап, түзу жолға салар менің ісім емес пе, әлемдегі бар жақсы-жаманға бастар жолға менің ісім керек емес пе, Ғылым досым төрелігін айтшы...Сол кезде Ақыл ойлана тұрып былай деді: -Қайрат досымның бар айтып отырған іс-әрекеті, менің Сабыр, Төзім достарыммен бірігіп атқарған менің ұлы ісімнің жемісі емес пе. Қайрат айтқан бар істің жақсылығы мен жамандығы менің атқарған ісім емес пе, Ғылым досым төрелігін айтшы.

Сол кезде Жүрек үш досының алдында құдіретті күшін баян етіпті: -Мен адамның тіршілік иесімін. Қан мен жанның мінсіз мекен тұрағымын. Менсіз ойланар рахымы, қайырым етер жақыны жоқ. Әр іске сәттілік тілейтін, тарыққанда мейірім төгіп сүйейтін, тіршілікті басқару менің ғана қолымда емес пе, төрелігін өзің айтшы достым...Ғылым досы ойланып үш досына төрелік шешімін былай деді: - Қайрат достым сенің қайсарлық қаттылығың, іс тындырар баптылығың да бар, ал Ақыл сенің қырың да сырың да көп, амалды айла да сенде, екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің. Оған Жүрек сенің бар ықпалыңа көне бермейді. Сендер істеген іске, жақсылығына қуана, жамандығына шошына қарап, еріктеріңе жібергісі келмейді. Оданда үшеуің бас қосып Жүрек досыңа бағынғандарың дұрыс болар. Үшеуің бір кісідей менің айтқанымға келіссеңдер, Алла ісіне жан тазалығы мен жүрекке бағынған адам сол Алланың сүйген құлы- деген екен. Содан үш дос бәтуаласып, Ғылым досының пікіріне бас иіп, реніштерін бір-біріне кешіріскен екен.

Асыл жеңгем.

(Қазиза Ақбас қызына)

Уақыт шіркін зымыраған дөңгелек шардай айналып келіп, кезең-кезеңмен асырып, тоқтамды ақырғы кезеңге келтіргенін байқатпай қалған ғұмырыңды, ой жетегімен қиялдатып, кезеңді өмірлерді сарапқа салғызып, қолыңнан келместі қиялдатып тұңғыық ойға батырады екен. Міне соған орай, өткен сонау 1956 жылдың өткелең қиындық кезеңдерін еске алып, ұмытылмас шақтың көріністеріне тоқталғым келді.

Менің жастығымның алғашқы 16 жасымнан басталып, еңбекке ерте араласуым мен бірге, жыл араламай жатып, өмір тауқыметімнің басталуы да мені ерте есейткен еді. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін»-деуде содан шығар. Алғаш колхоз кеңсесінде жұмыс істеп (секретарь-машинистка) жүріп, қурысқа барып, етене жұмысқа араласып жүрген кезімде анамның кенеттен қайтыс болуы, біздің от басымызға үлкен тауқымет арқалатып еді. Жаңа басталып келе жатқан өмірдегі аяқ алысыма кедергі көбейді, мен үй тірлігіне ие болып, жылап жүріп атқаруға тура келдіде, жұмыстан қол үздім. Әкем менің бар тірлікке ерте араласып, қиындық көріп жүргеніме қинала, ағайдың жастығына да қарамай, үйленуге көндірді. Ол кезде үлкеннен аспайтын заман еді ғой. Жеңгемнің

біздің үйге алғаш келуі,анам тіріліп келгенмен бірдей болды. Қуаныштан үш күн ұдайы ұйықтамай жүре беріп талып жығылып,далаға сүйреп шығарып суық сумен ұшықтап жатқанда есімді жиғанымды білемін.Ана сағынып жүрген маған,жеңгем ерекше жақын сияқты болушы еді,еркелеп алдына жатушы едім.Жеңгемді өз ауылымыздікі болғандықтан,ол кісініңде анасыз өскендігін білетінмін,сондықтан ба өзіме өте жуық санадым.Үй іші қиындығында ренжіп қалмауын ойлап,кәрі әкемеде тоқтаулы ескертпелер жасап реніш білдіретін кездерімде болушы еді.

Міне уақыттың өте шыққанында байқамай қалыппыз,жеңгем екеуміз бірге қартайып,ақ шашты әжелерміз. Біздің татулығымызды көрші қолаң сөз ететін еді,баяғынын жеңгесімен қайын сіңілісі деуші еді.Ол кісі отбасымызға береке бірлікті ала келді,ағай екеумізде қызмет істеп жүргенде,үй тірлігі сол кісінің мойнында болды. Біздің үйдің кісісі арылмаушы еді,мен екі жылға жетпей өз тірлігіммен тұрмыс құрып кеттім. Ол кісілерде балалы шағалы от басы болды.Біздің бәрімізді үй ғып шығарған ағай мен жеңгей,әкемізде сол кісілердің қолынан аттанды. Сөз соңында айтарым,шіркін силастыққа жетер жоқ екен. Сол жеңгемнің ұстамды мінезі,сабырмен жеңгендігін әлі күнге еске алам,қиындық көрмеді демеймін.Барлық салмақты көтеріп дер кезіне жеткізгенше,бір-бірін түсіну деген үлкен адамгершілік биігі дер едім. Асыл туыстарым әліде асқар тауым,алдымнан жұптарыңды жазбай қарсы алуларыңды бар туғандарың тілейді. Біз Сіздерді қадыр тұтамыз.Жақтарың түспей жамандық көрмесеңіздер екен.Халқыңның қалаулысы болдыңдар, абройларыңыз асқақтай берсін.Бала шаға қызығына бөлене беріңіздер.

Асыл жеңгем сенің орның маған ерекше, тек бейнет көрмеші.

Киелі де иелі қазақ халқым...

Мен осы тақырыпты дәл осылай атауым жаны жомарт қазақ халқыма атауын иелі де киелі сөздей көремін. Қазақ халқы ертеден өз бойынан өз қолынан жасаған өмір тәжірибесі әлі де санамызға жетпей жатқаны көп. Қазақ өмір бойына көшпенді деген атпен санамызға сіңіріп, қараңғы халық есебіне кіргізіп өз-өзімізді лақап атқа таңып, барымызды жойып, қазақты кейінгі қатарға қойып келгені елге аян. Советтік дәуір 70 жылдың сойқанымен қанымызды судай ағызып, улы зәрін тамызып, дін мен тілді жойып, дәстүр салтты ұмыттырып, қазақ деуден қорғанып қор етпеді ме? Неше қырғын зұлматты қасірет жылдары бастан кешіп, бас көтерер азаматтарымызды «халық жауы» деп қыршынынан қимады ма? Бұл қазақ мың өліп, мың тірілген еді. Қазақтың еш техникасыз өз күштерімен ғасырлы жылдары ырысты, дәулетті, жомарт жанды, есігі мәңгі ащылған қазақ жайы сәулетті екені танымал болды. Сонау сұрапыл жылдары, бір құрты болса бөле жеп, жер ауып келген басқа ұлттарды жатсынбай бауырына басқаны, қазағымның жомарттығы емес пе? Міне осыған олардың шапағаты, жан жомарттығы ықпал етті. Қазақ халқы дәстүрлі салтымен, ертеден өнер мен мәдениетіне тәнті,сөзі аталы, үлкені баталы болуды ерекше бағалап ырыс-дәулетін сол ризалық пейілдерімен келердей ырым еткен. «Аталы сөзге арсыз таласар»-деген нақыл ол кездің ұстамды заңындай, «үлкен тұрып, кіші сөйлемес» дегендей ізгілік өлшемінен аспай, дін қағидаларымен тәрбие мәніне өте көңіл бөлген. Қазақ ырымдары қате кетпеген, әрбір жылын бірлік пен татулыққа бағыттап, жыл басы Наурыз бастамасы мен ауыл болып «ұзын сары» ырымы атты қысқы сақтаған сүрге шақырысу, өткен жыл ренішін бір біріне кешісіп, «наурыз көжесін» жеті түрлі тағамнан қосып, жеті ырыммен жасау, ас арқауы тұз бен су, молшылық көзі мал сүмесіні ақ, сүт, айран езілген малта құрт, көжені дәмдер тәтті ет, сары майын араластырып жыл мерекесін тілеулі ырым жоралғысы

мен қарсы алған. Осы ырыс молшылығын жыл бойына бірге жүріп, әр жылды тиыштықпен молшылықпен қарсы алайық деген мағынада. «Таңғы тілек тәңірден» деген қазақ- таңын Алласына сиына, үлкені намазына жығыла таңнан тілеген емес пе? Бар деп аспаған, жоқ деп саспаған, шашып төгіп ысырап етпеген, артығы болса көмек жасап қолы қысқаға жетпеген. Ысырап ету астамдық деп ырым еткен. Бұның бәрі пенденің бір біріне деген жақсылық қол қайыр жоралғысы, ертеңгі Алла алдында жауап берер парызымыз деген имандылық жолындағы қағидасын мықты ұстау. Айт күндері есігі айқара ашылған, жасырын дүние болмай, жарық дүниеде жарқыратып іліп қойылған. Бұл ырымдар қазақ халқының киелі ел екендігін айқындағандай. Тіл шешендерімен ақын жырауларын ерекше құрметтеп төрден орын берген. Тіл шешеніне ерік берген, болар баласына тыңдата білген, тіл құдіретін шындата білген қазақ халқы еді. Міне, сол халқымызды Советтік дәуір тірідей өлтіріп көмбеді ме? Ал қазір сол мейірімдер, сол сыйластықтар, ізгіліктер қайда кетті? Болған сайын жанымыз қысылып, біреуге қамқорлық көрсеткеннен артығын далаға лақтырып ысырап етіп төгуіміз көбейді. Неліктен!? Артықтың апатынан қорықпағанымыз ба? Ата бабамыз болашақ ұрпақтар үшін ақ тілеулі тілек тілеумен кеткен. А, Құдай артықтың апатынан сақта, кесірлі кесеапатынан сақта, көкірекке керігу берме, алдамшы дүниеге сенбе деуі-дәл қазіргі өмір кезеңдеріне арналғандай. Соған орай, біздің тілек: А, құдай береріңді тауыспа, дін мен тілімді өрістетте көр, дәстүр-салт, ырым-жоралғыларымыз өмір тәжірибесінде мағыналы сапалы орын алғай деп тілейік.

Имандылық көсемдігің
Тіл байлығы шешендігің
Байлығыңды шашып алма
Тілмен жеткіз әсемдігің.

Ізгілік жолы дін мен тіл

Бисмиллаһи р-рахман р-рахим. Биылғы рамазан айымен барша қауымға тілерім жүздеріңізде иман үйіріліп, әрбір ошаққа құт береке дарысын. Алланың рахымды айында отыз күн ораза, бес мезгіл намаз, қадір түнін күту сияқты Алланың сауапты уәжіп міндет-парыздарын жан-тәңімізбен сенімді пейілімізбен өткеруге жазсын. Елбасымыздың айтуындай. Дінімізді, ділімізді, тілімізді сақтау ұлтшылығымызды, мемлекетімізді нық ұстау, дініміз Ислам екенін, қасиетті «Құран кәрім» насихаттауды естен шығармайық дегені айғақ. Біздің шығар шыңымыз ұлттық тіл үніміз осы дінмен тіл негізінде. Иман ғылым тілімен егізделген. Дінтанушы ғалымдар дін ізбасарлары. Дін мұсылман қауымға ізгілік жолына насихат кеңес.

Кеңес дәуірінің дінге қарсы кезеңінде де жазушы ақындарымыз қаймықпай дін қасиетін дәріптеген, дін әлсіреген кезеңіне налып бір Алладан көмек болуын тілеп, дінімізді жоймасқа күш қайратын салған.

Абайдың: Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ.

Мумин болсан үйреніп сенде ұқсап бақ.

Мұқағалидың: Сатқан емен, Мен сатпаймын дінімді.

Ыбырай Алтынсарин: дін әлемін тіл мағынасымен жеткізіп, мұсылман баласы Алласын ұмытпай сенуі парыз деген.

Пушкин өлеңдері: Исламдық бағытқа бай тілімізді айқындай түсті.

Шәкәрімнің: Мұсылман баласына дін Исламының Алла атымен жеткен сөзімен дәріптей білген.

Қасіретті жылдарда жырлай білген ұлыларымыздың бізге аманат еткен дінмен тіл болашағымыз үшін шығар шыңымыз, ізгілікпен шығар тіліміз болмақ. Алланың рахымы Рамазан айында ниет еткен ораза, намаздарыңыз қабыл болсын. Дін Исламға күш қуат берсін, дәстүрлі салт-сана, дін-тіліміз ел игілігіне бастама болсын.

Бағалайық, аялайық тілімізді.

Жарқ-жұрқ етіп найзағайдай атылған
Мәңгі өлмейтін сөз қалдырған бабалардың атынан
Үш жүздің басын қосқан Үш төре би
Мақтанышым орақ тілді Қазақ деген атыңнан

Автор

Қазақ тілі- ананың ақ сүтімен ауызданған, ана деген асыл сөзден бастау алған тіл туындысы. Ата бабамыздың аманат етіп кеткен қасиетті де асыл қазына мұрасы. Қазақ тілі ғасырды ғасырға жалғаған, ұлылардың үзілмес ғұмыр жалғастырушы желісі десек болғандай. Болашақ өмір кеңістігінің құлаш жаяр өрісі. Салауатты өмір салтын әлемге таныта білер әділдіктің шыңы. Парасат пен ізгілік жолдарын айқындайтын рухани күш. Міне біз осы күштердің сенім иелері болсақ қазақ тілінің тереңдік құпиялы әсерлілігін, мәні мен мағынасын зерттей білер едік, тіл құдіретінің күшіне сенер едік.

Тәуелсіздік алған еліміздің қазіргі сенімді күші жастар. Осы жастарға ана сүтімен дарыған өзіміздің туған тілімізбен қастерлі, қасиетті рухани байлығымызды әлі жетік меңгерте алмауымыз қабырғамызды қайыстырып, жүрегімізді жаралағандай. Қолмен қойғандай, көпірме сөздерден ел жалыққандай. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл болғалы жиырма жыл аз болғандай, енді он жылға еркіндік беру, біреуге күлкі, біреуге түрпі емес пе? Тіл тағдырын Елбасымыздың жылма жыл жетілдіруге көтерген бастау жарғылары, бөлініп жатқан қаржы көмектері аз болып жатпағаны баршамызға аян. Басқа тілдерді меңгеруіне қарағанда қазақ тілін ұзақ уақытқа меңгере алмауы- көңіл күдігін ұлғайтып, қазақ өзін-өзі менсінбей, салқын қандылық танытуы айтылып жатқаны мен меңіреулік күй кешудеміз. Бөлініп жатқан қаржылар тиісті мүмкіндікке пайдаланылса ендігі қазақ тілі шешімін тапқан болар еді. Алдағы он жылдық бағдарлама еркіндігі қазақ тіліне қандай ықпалы болар екен. Бұл он жылда ел басқарып отырған басшылардың зейнеткерлікке кетері сөзсіз. Кейінгі орынбасарлар қазақ тілін шексіз сүюін борышым деп сезінсе, нұр үстіне нұр болар еді. Болашақ жастарымыз біз қазақ жерінде еркін өмір сүргендіктен қазақ тілін меңгеру борышымыз деп сезінсе, қазақ тілі күрделі өте бай тіл екенін түсінер еді. Қазақ тілі – ұлт Анасы. Сонау «Жеті жарғы» заманынан қазақ халқы тектілігін бір ауыз сөзбен танытып, ел билігін әділдікпен шешкен, ғұлама бабалар толғау жырлары қазақ халқының өлмес туындысы, еліміздің болашағы екені сөзсіз. Ағайындар «өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер» демекші, қазақ деген ұлы халықты, тіліміз бен дінімізді, дәстүр-салтымызды жан-жағымызға таныта білейік, қазақ болғанымызды мақтан етейік!!! Өйткені қазақ тілі-өте терең, құпиялы, қасиетті тіл. Тілімізді қамқорлыққа алып, құрметтейік ағайын. Сырт көз дұшпан барын естен шығармайық!!!

Бірлігіміз бен тірлігіміздің негізі-тіл ар өлшемі. Көк байрақты шаңырақ қазақ халқының тұғыры биік еңсесі. Еңсемізді түсірмей, тәуелсіз Қазақстан атын әлемге әйгілей берейік. Тұғырымыз биік болғанын аналық жүрегіммен шын тілеймін.

Бақытын еңбектен тапқан қыз.

«Болар бала бесіктен»-демекші адам баласы дүние есігін ашқанынан бастап, өмірге деген бейімділік ерекшелігі балалық мінез талпынысынан байқауға болады. Ата бабамыз жас баланың ширақтығына назар аударып, тіл көзден сақта деп ұшықтауы, оның келешегінде үміттендірер белгі барын, сақтандырумен жасалатын ырым екенін бәріміз білеміз. Адам тағдыры қолмен қойғандай бір қалыпты болуы мүмкін емес.

Әр кезеңнің өзіндік өзгеріс, бірде ауыр, бірде жеңіл болуы мүмкін, өмір ағысының өткелдерінен сүрінбей, алдына ізгі мақсат қойып, өз-өзіне алдағы ісіне шырақшы, сенімімен жалықпай, өмір кедергілерінен қорықпай жана білген жан ғана, бар бақытқа еңбек сүйгіштігінің арқасында жететіндігі сөзсіз. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші бүгінгі сөз еткелі отырған аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мүгілсім Ғұбайдолла қызы Шибаяеваның аяқ алыс өмір жолы осыны дәлелдегендей.

Менің кейінде оншақты жылдан бері тани білуімде, ол адамның кәрі жас демей кішіпейіл кісілігімен баурап тіл табыса білуі, менмендігі жоқтығы білімділігін көрсетеді. Осындай игі істерді көргенде, тебіреністі ойға бөленемін. Кісілігін осындай кішілікпен сездірген білімді жандарға өз басым ризалық көңіліммен шығар шыңың биіктей берсін деген ақ тілегімді жолдағым келеді. Бұл қызымның алғаш еңбек жолына қадам басуы «кітап -білім бұлағы, білім -өмір шырағы» деген қағидаға сай, өз жолын бойындағы білім дарынымен дәлдеп алған. Өйткені жастай білім ордасынан басталған өрлеу жол, оның біліктілігі мен іскерлігін паш еткендей.

Мүгілсім сонымен бірге тілім десе шарқ ұрып, кейінгі жастарға ақыл кеңесімен насихаттаушы намысты қыз. Бұхаржырау ауданының «орыстанып» жеткен деген атын сейілтпін түрлі шаралар өткізу мен мерекелі салт дәстүрге мерекелік ойын сауықтар, өткен ұлыларға арналған кештер, осының бәрі мәдениет ұйымының жетекшілігімен өтетіні сөзсіз. Әрине айтарлықтай қол жеткен табыстарға аудандық, ауылдық әкімшілік ұйымының бірлескен қолдауымен атқарылар іс екені сөзсіз. Игі істерге әкімшілік орындардан қолдау тауып отырса, ұлт ерекшелік қасиеттерін ұрпаққа таныта білері айқын іс болар еді. Бұхаржырау ауданының мәдениетінің дамуына жан жақты үлес қосып келе жатқан ауыл мәдени ошақтарымен түрлі салаларын жоғарыдан басқару ісі М.Ғ. Шибаяеваның қоян қолтық жұмыс атқаруы, ұжымдас серіктестері мен жұмыла кірісуінде, бұл жетістіктер аудандық «Сарыарқа» газетінің «мәдениет жаңалықтары» айдарымен оқырман қауымға таныс жәй. Елбасымыздың жолдауында көрсетілгендей «Мәдениет әрқашан менің басты назарымда» деген нұсқауына сай қызмет ету, аудандық мәдениет бөлімінің басшылығының ықпалды жұмыс жа сауының арқасы екені сөзсіз. Мен өз басым ауыл мәдени салаларының ел тұрғынына ықпалды еңбек етуінде, кері саясаттан арылтып, өз ұлттық салт-дәстүр санамызды оятса дейтін жанның бірімін. М. Шибаяеваның іс- тәжірибесі ауылымызға да әсерлі бетбұрыс болуда. Біздің Доскей ауылының жетістігі де аз емес. Ауылымыз жылдан жылға мәдениет даму жолында алдыңғы көрсеткішке жетуде.

М. Шибаяевамен еңбек жолын осы салада істеп келе жатқан ауылымыздың «мәдениет майданының майталманы» деген құрметті атаққа ие болған, ауыл өнерін

өрге бастырсам деп тыным таппай еңбек етіп жүрген Билялова Дарига сияқты кадрлар ел мақтаны. Сөзімді қортындылай келіп айтарым, қазақтың осындай намысты да жігерлі қыздары көріне берсе деген аналық тілегім. Ойымда жүрген ризалық көңілімді, жанға шуақ беретін адам келбетін ұлт намысын ту еткен М.Ғ.Шиббаева сияқты қыздарды ұрпаққа үлгі болар деген ниетіммен жазып отырмын. Осындай еңбек жолында талпынысты ізденіспен бақыт тапқан қыздарым қазақтың мақтанышы бола берсін демекпін.

Төре биім төрдегі.

Зарқын Тайшыбаев-70 жасқа.

О!-кәрі жүрек сен сағынбайтын, сенің ойсыз отырған сәттерің болды ма?.

Шіркін жазушы болсам ғой, ұлағат сөздің нәрін, өткеннің бәрін, өткеннің өмір тарихын көреген көзбен, шешендік сөзбен қазба қорды қазғандай жазба беттеріне жазар едім деп армандайтын кездерің болады екен. Бүгінгі толқынысқа себеп болып отырған, бір атадан тараған үш ұрпақтың баласының ең кенже шаңырақ мұрагері төре биіміздің 70-ке келуі куә болғандай. Әркімнің өз өмірі бір тарих. Атадан балаға деген қағида өшпес із, кейінгі ұрпақ сізбен біз. Ұлы шаңырақ мұрагері Төре биім демеуге қақым жоқ. Өзгеге дөкей болғанмен өзімізге шымшып алар қылжақ бас қара домалақ ауыл баласы қайнымның, өкшемді басып 70-ке келгені уақыт ұстап тұрмайтын, өмір арқауының қысқа үзігі екен ғой. Ал қайным Гүлнар келін екеуің бірге жасап, зерделі 70 жасыңды бейнетсіз ұзақ жасай бер, Жамбылдың торқалы жасын берсін. Ісің келелі дамуда болсын, ұрпағың өрісті болсын. Сол ұрпаққа жетекші ұлағатты ата әже болындар. Жалынды жастығыңның естелік тоқырауы Гүлнәр келін болсын (қалжың), Атадан асып, ұлық болмаған, хан бол, қара бол өткеннің ізін еске алып, ұлысын ұлықтайтын кезі, естелік сөзі болары хақ. Ұлы атадан тараған үш атаның әрідегі сөзін, кейінгі үлкендердің көзін көргенімде іргесі сөгілмей, жетім жесірін шашау шығармай, үлкеніне бағынған, ұйым бірлігі жарасқан, үш ата ның баласы ордалы бір ауыл еді. Міне сол тұқымның үлкені кетіп, ауылдың ұлысы боп бас көтерген жақсыларымыз жетер жетпесте ерте өмірден озды. Енді қалғанымызға басшылық етер ақылшы да таусылды, тек ұрпаққа сана берсін дейміз. Зақаға (Зарқын) ата ұрпағына ұқсаған қайсарлық пен дарын қасиет дарығандай. Зақа Қу өңірінің «Егіндібұлақ» Балқантау баурайында жалынды жастығын шындап, еңбек жолын туған жерінде бастаған. Мен он-ың білім саласындағы еңбек жолдарын таныстырмай-ақ қаламгер әріптестері мен шәкірттері газет бетінде айқындайтыны белгілі.

Зарқынның дарынды талабы, білім жолындағы зеректігі, жасынан ерекше қабілет мектептегі зейінділігінен белгілі еді. Зарқынның алғашқы туған жеріне деген ыстық ықыласын «Алтын бесік ән орда»-кітап (1998ж) жинағынан көргендейміз. Қу өңірі «Егіндібұлақ» Тәттімбеттің күйімен Ж.Елебековтың әнімен сусындаған ел қасиетін, ата ұрпаққа таратқан ән мен музыка құдыретін та нытқан арқаның әнші күйшілерін таныстыруы, Қазақстанның тұңғыш халық әртісі А.В.Затаевичпен елге келген сапарында алғаш музыка әлемін ашқызуы, мемлекет қайраткері .Н.Нұрмақовтың ел тағдырына мәдени рухын көтеруде қажырлы еңбектері басты назарға алынған. Туған жерге деген сүйіспеншілігін келер ұрпақ зердесіне қалдыруды көздеген ойы еді. Сол кездің өзінде қаншама монографиялардың авторы еді. Кейінгі ұрпақ санасына ата ру «шежіре» кітапшасын жазып таратуы ұрпаққа аманат, үлкендік көрегендігінен шарапат екендігіне ризамыз. Ал енді үлкен іс үстінде ғасыр тарихына ден қойып, Абылай ханның өмір таразысын айқындайтын

деректі құжаттар болашақ ұрпаққа нәтижелі еңбек, сол кездегі (қазақ, қытай, жаңғор) ара қақтығысын, қазақ, қалмақ ойранын Абылай ханның тапқыр да ұтымды іс әрекеттерін, бүгінгі күнге дәлелді архив құжаттарымен жеткізу, ер еңбегінің қажымас қайраттылығының арқасы, ел тарихына қосқан үлесі, жер жерде қолдау тауып, білім саласында (жоғарғы, орта) тарих құралы болуда. Елу жылда ел жаңа дегендей қазір Тәуелсіздік еркіндікте өмір сүрудеміз, өткеннің асу белі, қасіретті шері осы дәуірге ұлағатты сөзімен іс әрекеттерімен болашаққа жол бастаушы өшпес із.

Елден сәлем төре биге төрдегі
Тірілт рухын Абылай ханның көрдегі
Том арқалап, жетпіс асып жүзге кел
Асқақтасын зор жемісті еңбегі
Құттықтаймыз мерейлі жас ардақты
Өмір көші өрістетер жан жақты
Басты байлық ең бірінші денсаулық
Алла берсін абройлы бар бақты.

Атақ даңқың асыл мұра дарының
Ұлы атамыз тастап кеткен жарығын
Ұлылардың жасын берсін ғұмырлы
Тектісіндей Қаракесек Арғынның
Уақыт жылдам шыр айналған дөңгелеп
Кезең асып, келіп қаппыз өрмелеп
«Абылай аспас асу бел» жолын тауып
Қазақтың бір ұлы бол-зор бәйтерек
Төре биім аброй асып асқақта
Албырт жастық ойлантапаған жас шақта
Көріне бер асу биік белестен
Соқтықтырмай соқтықпалы соқпаққа.

Мәдениет майданының майталманы.
(«Орталық Қазақстан» газеті 30 маусым 2012 ж)

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген жақсы бір сөз тегін айтылмаса керек. Мен өзім Бұқар жырау ауданы Доскей ауылының тұрғыны, әрі көркемөнерпаздар ұжымының белсенді мүшелерінің бірімін. Сонау мәдениет ошақтары жабылып жатқан кезеңнен өттік. Қазір ауыл мәдениеті қай жерде болмасын көркеюде. Бүгінгі менің әңгімемнің басты кейіпкері осы мәдениет саласында жалпы еңбек өтілі 35 жылдай қызмет жасап келе жатқан ауылымыздың мәдени шараларды ұйымдастырушысы Біләлова Дариға Рахымқызы болмақ.

Ол өзі Семей облысы, Шұбартау ауданына қарасты Баршатас селосында 1958 жылдың 11 ақпанында дүниеге келіпті. Әкесі Рахым жоғары білімді экономист қызметін атқарған. Ертерек дүние салғанда, шешесі Әшірбекқызы Жұпар 5 баланы тұмсықтыға шоқытпай, асырап, өсіріп, бәрінің жоғарғы, орта арнаулы білім ордаларын тәмәмдауға бар күшін сап, жағдайларын жасаған екен. Дариға өзі есін білгелі ән айтқанды өте ұнатып, мектепте жүргенде сонысынан таймаған. Мектепті Семейде аяқтап, 1975 жылдан еңбек жолын Егіндібұлақ ауданы Абай совхозынан бастаған. 1979 жылы Қарағанды қаласының мәдени ағарту училищесін

клуб қызметкері, хор жетекшісі мамандығы бойынша 1981 жылы бітіріп, ауылында 1981 -1995 жылдар аралығында клуб меңгерушісі болып қызмет атқарған. Талай аудандық, облыстық байқауларда басқарған ұжымы жоғарғы орындарға ие болды. Оған дәлел сол кездегі алған диплом, грамота, мақтау қағаздары. Драма үйірмесін ұйымдастырып, талай спектакльдармен ауылдарды аралап, аудан көлемі Абай ауылының көркемөнерпаздарына дүрілдете қолдарын соққан. Аудан көлемінде бірінші болып аспапты – вокалды / ВИА/ топ құрып, өзі бас болып гитара аспабында ойнап, бауырлары қостап, ән шырқаған Дариға сол кезде әр ұлттың тілінде ән айтуыменде аудан жұртшылығының есінде қалды. Бұның бәрін білетінім, сол кезде өзімде сол ауданға қарасты Арқалық совхозының көркемөнерпаздарының мүшесі болып, талай концерттік сайыстарда бірге жүргенбіз. Кейін совхоздар тарап, мәдениет ошақтары жабыла бастаған кезде жанұясымен қазіргі Абай ауданы / бұрынғы Мичурин / Топар поселкесіне көшіп келіп, «Энергетик» мәдениет үйінде қызмет жасайды. Көбіне орыстанған поселкеде сол кезде аудан әкімі болған Тілеубек Зейнешовтың қолдауымен мәдениет үйінде «Тамаша» ойын сауық отауын құрап, домбырашылар ансамблін көтеруге ат салысады. Балалар хорын, вокалды топтарын ұйымдастырып, шәкірттері аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Қаныш Сәтпаевтың 100 жылдық торқалы мерейтойында Жезқазған қаласында көркемөнерпаздар ұжымы бас жүлдеге ие болады. Ал Дариғаның өзінің қыздарымен қосылған жанұялық ансамблі Гран Приді жеңіп алады. Осы Доскей ауылында қызмет жасап келе жатқан жылдарында ауыл еңбек ардагерлерінен құрған «Соловушка», «Ақ әжелер», музыка мектебі ұстаздарынан құрылған «Әуен» вокалды топтарына жетекшілік ете отырып, өзіде қатысып, ауыл мәдениетін көтеруде еселі еңбек жасауда. Ауданымыздың мәдениет бөлімінің шешімімен «Мәдениет майданының майталманы» атағына ие болған Дариға, Ұлы Жеңістің 65 жылдық торқалы тойын өткізудегі еңбегі бағаланып, аудан әкімінің алғыс хаттарына ие болды. Аудандық «Сарыарқа», облыстық «Орталық Қазақстан» басылымдарында өзін толғантқан тақырыпта жазылған мақалаларыда жиі басылады.

Қазіргі таңда Дариға Рахымқызы аялы үш қызын оқытып, Аружан,Әлихан,Әмірхан атты немерелерін баққан бақытты әже.

Ел алғысына бөленген жан.

Өмірді бағалай білу-адам баласының алғашқы өмірге қадам басуы,әр кезеңнің ағысына қарай бейімделуі,замана тірлік тағдыр тауқыметімен шынықтырып өзі бағыттайтын белес сыяқты.Мен сөз еткелі отырған жан Жұмаш ұлы Қанағат дәл осы сөздің куәгері.Сонау 1936 жылда өмірге келген ағайдың өмір жолы қиындықпен өткені,ел басынан өткен сұрапыл жылдардың қиындығы,барша жұртқа аян. Ата ана бар сойқанды көріп,бала шаға,ата анасы қырылып,елге қайтып ес жиғанда көрген алғашқы перзентіне Аллаға шүкіршілік етіп атын Қанағат қоюыда сондықтан. Ол кездің өмір тауқыметі аз болған жоқ.Қазіргі балалардай ата ана соңында жүрген жоқ. Тек ата ананың айтулы ақыл кеңесімен түзу тәрбиелік қамқорлығымен өсті.Қанағат ағай жасынан ширақ әрі зеректігі ауылдағы бастауыш мектепті бітірісімен туыстарды сағалап Қарағанды Жамбыл мектебінде одан кейін Павлодардың Қазан совхоздарынан оқып 1953-54 оқу жылдарында он жылдықты бітіріп ауылға келген еді.Жоғары оқуға түсуге сол жылы мүмкіндік болмай,дәл осы жылғы «тың игеру» жастар бастамасымен техника тілін меңгеріп,еңбек жолын бастап кеткен еді.Жер жерде бастама болып,біздің колхозда МТС салынып,трактор

бригадасы құрылды да ағайды сол бригада есепшісі етіп тағайындады. Білім қуып жоғарғы оқуға барамын деп жүргенде, кенеттен анасы қайтыс болуы, аға мойнына ауыр жүк арқалатып кетті. Үйткені бас көтерері сол кісі еді, әке алпыстың ортасынан асқан сонында бір қарындас, екі інісі бәрі жас еді. Жиырмаға жетер жетпесте үй тірлігіне қарай ерте үйленуіне тура келіп жастай үйленді. Өмірөзі шынықтырып, Қанағат алғырлық зеректігімен оқым-ай тоқумен 1960 жыл құрылған Арқалық совхозының есеп айырысу бухгалтерлігінен орынбасарлыққа одан бас бухгалтерлікке жоғарылады. Ордалы отау болып, көп балалы әке болды, бар туыстарын отау ғып шығарып, әкесінде қолынан аттандырды. Елдегі еңбегі құрметке жеткізді. Соның айғағы 1977 жыл Қарағанды облысы ауыл шаруашылық басқармасының ұйғарымымен кәзіргі Бұхаржырау ауданының ауыл шаруашылық басқармасына бас бухгалтер болып орналасты. Өзі жақсыға жүз кісілік орын бар деу текке айтылмаған. сол келгеннен бері біреуге аға, біреуге іні болып силас достары көп болды. Қартайсада жаны жас жас кадрлерді қаржы саласын меңгеруге тәлімгер ұстаз, жаны жомарт ақылшы бола білді. Бұл айтулы еңбек еткен жылдарының жетістіктері ұшан теңіз.

1. Тың игеру «медаль»
2. 1972 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтың көрмесіне «жүлдегер»-жолдама иегері.
3. Әр бесжылдық үздігі белгісімен бес рет марапаттау
4. Ұлы Отан соғысының 60-жылдық «медаль»
5. Қ.Р. Егемендік онжылдық қарсаңында елбасы Н.Ә. Назарбаевтың алғыс хаты.
6. Еңбек ардагері «медаль»
7. Қазақ ССР Министрлігінің грамотасы.
8. Бұхаржырау ауданының құрметті азаматы энциклопедия кітабына кіру.
9. Қ.Р. Министрлік кітабы энциклопедиясына кіру.
10. Ұлы Жеңістің 65 жылдығы «медаль»
11. Тәуелсіздіктің 20-жылдық «медаль» бұл жетістіктер

Тыл ардагерліктен бастап, өмірден алған алтын бағасы, ел құрметі. Ауыл мәдениетін көтеруде де бірде кәрі, бірде жас еңбек ете жүріп, түрлі шараларға ат салысқан жан. Жасында ауыл көркем өнерпаздарын аудандық, облыстық фестивалдарға шақыртып қатысып жүріп «лауреат» атағын алған өнер иесі еді. Менің сөз соңында айтарым-Тәттімбеттің күйімен, Жүсіпбектің үнімен шындалған Мәди елінің тумасы, Бұлбұл баласы Келдібекпен бауырлас Құдайберліден тараған баба тұқымы тек болмас деймін, оларға оқымай-ақ дарын бергендігіне таңданбасқа болмас. Ағай қажыр-қайратың мұқалмасын, жағыңыз түспей жамандық көрмеңіз. Жеңгей екеуіңіз бірге жасап, бірге қартайыңыздар. Бала шаға, немере-шөберелердің қуанышына кенеле беріңіздер демекпін.

XII бөлім
АРНАУЫМЫЗ ӨЗІҢЕ АСЫЛ АНА

Қарындасым Майдаға-70 жыл

Жасыңда мәпеленіп өскенің жоқ,
Өрқашан анаң сенің жұмыста боп.
Өзіңді өзің тәрбиелеп өскен едің,
Қарайласар ол кезде туыста жоқ.
17-ге келгенде бақилық анаң кетті,
Қыз болған соң ауыртпалық саған жетті.
Жаныңа ана өлімі қатты батып,
Көп өмірің ойлаумен өксіп өтті.
Ер мінезді болып ең, етің тірі,
Болмадың сен сенделген көптің бірі.
Талаптандың өмір сүру қамын ойлап,
Сеніммен жақсылықтың туар күні.
Болмасада институтта оқығаның,
Оқығаннан артып түсті тоқығаның.
Ауыртпалық бір басыңнан талай өтті,
Қиындықты жеңіп шықты ақын жаның.
Өмірге көппен бірге араластың,
Еш қамын ойламадың қара бастың .
Ақ көңіл жарқын мінез алла берген,
Сыйлы етті ортасында кәрі-жастың.
Сүйгеніңе қосылып тұрмыс құрдың,
Бір-бірінді құрметтеп өмір сүрдің.
Сұм ажал ортамыздан ерте алып,
Қысқа екенін кім білген бұл ғұмырдың
Әке орнына балаларға болдың пана,
Ер жеткізіп оқыттың өзің ғана.
Немере сүйген бұл күнде әже атаңдың,
Өз алдына ақындық жеке дара.
Құтты болсын бір белес жетпіс жасың,
Ақындықта домалап өрге тасың.
Қызығы боп ұрпақпен жасай берші.
Жанымдай жақсы көрген қарындасым.
Азабынан өмірдің шектің жапа,
Кей кезде өз-өзіңнен болдың қапа.
Уақыт өтті бәрі ұмыт болды бүгін,
Бұл күнде атаңдың сен Ақын апа.
Тілеймін сексен жасқа келгенінді,
Жаның жас көңілді боп жүргенінді.
Алла жазса жүз жасқа келе бергің,
Қалаймын қызықты өмір сүргенінді.
Уақыт озып өмірдің азы қалды,
Ұрпақ келді артыңнан қазыналы,
Қызықтай бер немере мен шөберенді,
Сол емес пе өмірдің сұлу сәні.

Қарт әжемді құттықтау

Ізгілікті шуақ шашып маңайға,
Ұлы әжеміз үлгі болған талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды көрші-қолан қалайда.
Үлгі болған үлкен-кіші жасқа да,
Сыйлар сізді жақын туыс басқа да.
Отбасыңызда бақыт болсын мәңгілік,
Қартаймаңыз ешқашанда жан-ана.
«Қайық еттім ескек қалам»,
Шығарған кітабыңда кәрі анам.
Неткен дарын ақылмен сабақталған,
Өлі күнге сөз терең қайран қалам.
Жасаңыз жетпіс асып жігер күшпен,
Түспейтін ақындардан дарыны кем.
«Өткен күннен бір белгі»кітабыңыз,
Келген жетпіс жасыңыз- ғұмырға тең.

немерелері Алтынбек-Индира

Асыл ана-Мәйдаға

Тәрбилеп өсірдің қанша бала
Тауқыметін тартыпсың өзің ғана
Балаларды жеткізем деп жүргеніңде
Кеп қапсың ғой 70 жасқа абзал Ана.
Арқау болған жырыңа әсем қала
Қаламыңды тосып жүр сайын дала
Біреу келер 70-ке біреу келмес
Құтты болсын мерей тойың Ақын Ана.
Аналарым болсыншы сендей ғана
Кеудең толған ән мен жыр, басың дана
Ел сыйлаған халықтың қадірлісі
100-ге дейін жасай берші, Асыл Ана.
Ұлды ұяға қондырдың, қызды қияға
Немерелер қаумалап алды ортаға
Бұдан артық бақыт болмас қарашы
Тек денсаулық біз тілейміз Аяулы Ана.

«Ақ әжелер» вокалды тобының атынан
Қожамжарова Қаншайым.

Жетпіске жетсе де жыр жазған

(«Орталық Қазақстан» газеті 2009 жыл)

Ана!!! Осы бір үш дыбыстың құралған сөз-қандай қасиетті десеңізші!!! Бүгін мен анам жайлы толғанамын. Күнде ертемен ұйқыдан ояғанда ең алдымен анамның амандығын тілеп, шүкіршілік етемін.

Менің анамды Бұқаржырау, Қарқаралы аудандарының жұртшылығы жақсы таниды десем қателеспеген болармын. Қалың жұртшылық арасында «қағақты қайық, қаламды ескек» етіп, тәрбиелі де мәнді өлежырлармен, ақыл-кеңестермен қадірлі болып жүрген жан- Мәйда Жұмашқызы.

Шыр етіп дүниеге келгенде, ата- анасы сол кезеңдегі ел басындағы ауртпалық жоғалсын, ендігі өміріміз жұмсақ болсын деп ырымдап, атын «Мәйдә» қойған екен. Турасында, көреген әке мен шеше ұрпағының болашағын дәл болжай білген. Тәңірім берген ерекше қабілетінің арқасында, жақынына жанашыр, қамқор болып халықтың қалаулысына айналды. «Өткеннен бір белгі» жыр кітабы ақ шашты ананың ұрпағына қалдырар асыл қазынаға толы мұрасы. Жасы жетпіске келсе де қолынан қаламы түспей Отанның амандығын, елдің тиыштығын, тілдің, діннің мәртебесін, елім деген ерлердің ұлағатты істерін кейінгі ұрпаққа жеткізе білген анадан туғанымды мақтан етемін.

Жетпіске толып отырған анама перзенттік жүрегімнен шыққан мына өлең жолдарын арнадым:

70-жасқа жеттің міне, анашым,
Демеуші-ана, мәңгі ойымда қаласың.
Ұрпақ үшін төктің мейірім шуағын,
Ыстығына күйіп, суығына тоңасың.
Кешір ана, түсінбеген кезімді,
Ой жүгіртіп мазалаймын өзімді,
Бір сездірмей ауырлықтың салмағын
Шыдам сені етті ме екен төзімді.
Қалған ғұмыр енді бейнет бермесін
Ойламадық бір өзіңе сенгесін.
Алла берген жасын жаса тірлікте
Ауырмашы керегі жоқ өнгесін.

Қызың Жәзира Ермекқызы.

Сөз соңы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ!

Басталар іске бір себепші болатыны сөзсіз.

Менің өз басым жас ілгерілеген сайын, өмірге құштарлана түскендеймін.


Өйткені, әліде айтылмаған сөзімді қағазға түсіріп, кейінгі ұрпақ санасына жеткізе жазып кетуге асығамын. Мазасыз ой жетегінде уақытымның жылдам өтіп жатқанын байқамағандаймын. Бұрынғы өткенім бір төбе, 1994 тоқырау жылғы ірге аударып, Доскей ауылына көшіп келгеннен бергі өмір бір төбе. Өйткені тоқырау жылдың торықтырған ауыр кезеңі мені қатты толғандырды. Босқын болған ел, шашылып қараусыз қалған талан - таражға түскен байлық көзі қара жер, мені ызаландырғандай («Сарыарқа», «Орталық Қазақстан») газеттеріне өлең болып өрілген кезі еді. Мен осылай ізденіс жолында, білікті мамандармен ақылдаса отырып, өлең жинақтарымды «Сырмен сымбат», «Азия Транзит» журналдарына беріп жарыққа шықты.

Ауыл өмірінің көркем өнерпаздар қатарында жүріп, қазақтың салт-дәстүр шараларына ақыл кеңесімді қосып, ауыл мәдениет даму жолындағы істе ауылымыздағы мәдени шараларды ұйымдастырушы Дариға Рахымқызының жетекшілігімен құрылған «Ақ әжелер тобында» мүшесі болдым. Міне осының бәрі, халықпен араласуыма, талпыныс жетістігіме себеп болып «Ақын ана» атына ие болдым. Бұл абырой мені аудандық құрмет иесіне айналдырды. Сол себеппен аудандық ОКЖ-сінің әдістемелік бөлімінің қозғауымен жергілікті селолық мәдениет қызметкерлерінен деректі іс қағаздарын жинатып, аудандық әдістеме бөлім қызметкерлерінің қолдауымен алғашқы кітапшам «Қайық еттім қағазды, ескек қалам» ОКЖ-сінің қызметкері Асқарова М.Н. құрастырып шығарды. Мені осы жетістіктер алға жылжыта берді, енді өзімде мүмкіндік тауып облыс баспаханасынан «Өткен күннен бір белгі» атты екінші кітабымды шығарттым. Өмірдің көбі кетіп, азы қалғанда, қағазбен қаламды ой бөлісер серік етіп, тоқтамай келемін. Міне тағыда кейінгіге, өмірден озғанымша түйткілді ойларымды жеткізуге асығыспын.

Өлеңдерімді сазды әуенмен әрлендіріп облыс, аудан көлеміне танытып жүрген композитор ұлым Қанат Мерсалимовқа, осы кітабымды жинақтауға көмектескен Доскей ауылының мәдени шараларды ұйымдастырушысы Дариға Рахымқызына дән ризамын. Тек осындай ізгі жандар сүрінгенге сүйеу, тарыққанға демеу бола білсе, замана келбеті құлпырып, нұр үстіне нұр төгілер еді. Мені осы дәрежеге жеткізген аудандық, ауылдық мәдениет қызметкерлеріне Аналық атымнан ақ тілегім өмірлерің өрісті, замандарың келісті, еңбектерің жемісті болсын демекпін.

Автор

АЛҒАШҚЫ БАСЫЛЫМДАРЫМ.



ЖЕТИСТІКТЕРІМ

АДЫС ХАТ

Құрметті Майда ана !

Доскей ақынның 160 жылдығына арналған **"Жыр қуған он бес жастан Доскей едім..."** атты салтанатқа белсене қатысып, ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттап, рухани құндылықтарымызды дәріптеуге ат салысқаны үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сізге еңбегіңізге табыс, жаңаңызға бақыт, зор денсаулық тілейміз.

Доскей ауылының әкімі А.Тақенов

Адыс хат
БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

Құрметті Майда Жұмашева!
Ауданның мәдени өміріне етене араласып, әйгілі елді ақилден, өміріңізге олардай серік етіп, жүрегіңізден сыр төгіп, халыққа қызмет етіп жүрген ардақты ақынның бірісі.

Бүгінгі құрнықты күнде Сізге денсаулықтың байлығын бақыттан баяндысын тілейміз!

«Мәңгілік ел» ұлттық жобасы аясында,
«Еліміз бізге бергеніміз» тақырыбында өткізіліп жатқан «Талақтар шыбылған өлең-өнер әлемінде» өрлеу бәйбітесінің жеңімпазы болуыңызға құттықтаймыз.

Бұқар жырау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы: М.Ғ. Шыбаева

17.06.2007 жыл
Ботақара кенті

ДИПЛОМ

«Тілге қызмет- ұлтқа қызмет» атты II аудандық үздік мақала байқауына қатысып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, кеңінен насихаттауда шеберлігімен танылған **III орын иегері**

Майда Жұмашева
МАРАПАТТАЛАДЫ.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы: М.Ғ. Шыбаева

Ботақара кенті - 2010 жыл.

Мадақтама грамота

«Наурыз - думан» мерекесін тойлауға ат салысып, «Ал, қанеки, әжелер!» жырларында «Парасатты әже» номинациясы бойынша **Майда ана** марапатталады.

Доскей ақынның орныбасары: А.Т. Досмаев

Бұқар жырау ауданының әкімінің тілегімен
Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің

I дәрежелі
Диплом

«Бұқаркең жырлайды» атты дәстүрлі аудандық ақын-жыршылар байқауының «Бұқар жырауша» жанры бойынша ақындық шеберлігімен танылған

Майда Жұмашева
марапатталады.

Бөлім бастығы М. Шыбаева

Ботақара кенті 2012 ж.

ДИПЛОМ

«Жырлап өтем өлкемді өзім туған» атты халық ақын Ахметбек Байсалбайұлы атында өткізілген эфир музыкаларының **III - ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ**

Жұмашева Майда
МАРАПАТТАЛАДЫ

Бұқар эфир ауданының әкімі: Нашаров Е.

17.05.2007 жыл
Ботақара кенті

МАДАҚТАМА ГРАМОТА

«Тілге қызмет- ұлтқа қызмет» атты III аудандық үздік мақала байқауына қатысып, «Ұлт жанашыры» номинациясы бойынша **Жұмашева Майда** марапатталады.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы: М.Ғ. Шыбаева

Ботақара кенті - 2011 жыл.

Ағайын туған, немере шөберелерімен



Табиғат аясында
МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР.







Участники семинара работников учета и экономической службы Март 1980 г.

МАЗМҰНЫ

1. Ой толғатқан өлеңдер.
2. Өмір белестері.
3. Шабытты ой-ақынның сезім оты.
4. Иmandылық ізгі жол.
5. Құрмет иелеріне арнау.
6. Ардақты асылдарым.
7. Мерекелі күндер әуендері.
8. Сөйлесе екен өз тілім.
9. Мәнерімен Бұқардың.
10. Тәуелсіздік ұлтымның ар намысы / нотамен әндер/
11. Өлең жүр сыңарына әуен іздеп
12. Проза беттері / мақалалар т.б./
13. Арнауымыз өзіңе асыл ана
14. Сөз соңы

Кітаптың сыртқы бетіне

Жылжып келем ілгері, уақыт таяу
Қиялда қажығандай, қарқын баяу
Көңіл шіркін озғандай көк дөненне
Көздеген жер жетуге келем жаяу
Қиялдың қанатында ой жетелеп
Тура тартып келемін жол төтелеп
Ауыр жүкті қалдырам жиып терген
Ұстай білсе мұрамды тек мәпелеп
Кештім ғұмыр қиялдың қанатында
Көрегендік ақыл-ой салатында
Ертеңгі ұрпақ ізгілік үлгі етердей
Қалса сөзім мәңгі өлмес ана аптында.